



АУҒАНСТАН МӘСЕЛЕСІНЕ НАЗАР АУДАРДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізге ресми сапармен келген Солтүстік Македонияның Сыртқы істер министрі Буяр Османиді қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Буяр Османиге ілтипат білдіре отырып, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың серпін беру тұрғысынан оның бұл сапарының маңызы зор екенін атап өтті.

— Біздің елдеріміз өзара іс-қимылдарды, атап айтқанда сауда, инвестиция салаларындағы қатынастарды және гуманитарлық байланыстарды нығайту үшін зор мүмкіндіктерге ие. Сондықтан мемлекеттеріміз арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін бар әлеуетті пайдалану керек. Сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясында да тығыз ықпалдастық орнатамыз деген үміттеміз, — деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тетово қаласындағы коронавируспен ауырған науқастар емделетін ауруханада болған өрт салдарынан қаза тапқан адамдардың отбасыларына көңіл айтты.

Кездесуде Мемлекет басшысы Ауғанстандағы ахуалға ерекше назар аударды.

— Ауғанстанға қатысты ұстанымымыз айқын. Халықаралық қоғамдастықтың осындай бетбұрыстар кезінде Ауғанстаннан іргесін аулақ салмай, аталған елге көмек беріп, қолдау көрсетуі қажет деп есептейміз. Біз Ауғанстанның уақытша жана үкіметін инклюзивті, барлық этникалық топтар мен

қоғамдық-саяси күштердің мүддесін құрметтейді деп үміттенеміз. Қазіргі Ауғанстан Үкіметі адам құқықтарын, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттемелерін орындап, халықаралық қауымдастықты жаһандық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қауіп төндіретін терроризмнің, зансыз есірткі айналымының таралуынан және басқа да қиындықтардан қорғау үшін нақты шаралар қабылдайтынына үміт артамыз. Сонымен қатар Қазақстан Үкіметі Ауғанстан үкіметімен конструктивті іскерлік байланыстарды, әсіресе сауда және гуманитарлық ынтымақтастық салаларындағы қатынастарды орнатуға дайын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстанда тұратын қазақстандықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызы екеніне тоқталды. Ол Буяр Османиге Қазақстан азаматтары мен этникалық қазақтарды өз Отанына қайтару жөнінде, сондай-ақ әлемдік қауымдастықтың халықаралық ұйымдар қызметкерлерін, оның ішінде БҰҰ-ның Ауғанстанға көмек беру жөніндегі миссиясын эвакуациялау жұмыстарына көмектесу жөнінде қабылдаған шаралары туралы айтты.

Өз кезегінде Буяр Османи кездесуге мүмкіндік бергені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, екі ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жасаған сапарының символдық мәні бар екенін атап өтті.

Ауғанстан бағыты бойынша халықаралық әдістерді жұмылдыруда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің басымдығына ие екенін атап өтті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВ КӨЛЕМІ ӨСТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы Ұлттық банк төрағасының биылғы 8 айдағы ақша-кредит саясатын іске асырудың алдын ала қорытындысы жөнінде, сондай-ақ әлем экономикасының қайта қалпына келу барысында инфляциялық қатердің күшейе түскені туралы есебін тыңдады.

Президентке Үкіметпен бірлесіп бекітілген инфляцияға қарсы шаралар мен оны жүзеге асырудың негізгі бағыттары, сондай-ақ биылғы инфляцияның жанартылған болжамдары туралы баяндалды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа халықтың табысы мен тұтыну деңгейінің артуына ықпал ететін Қазақстандағы экономикалық бел-

сенділіктің арта түскені жөнінде және Президенттің дағдарысқа қарсы бастамаларын іске асыру барысы туралы мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына Қазақстанның жалпы халықаралық резервтерінің биылғы 8 айда 93,7 миллиард долларға дейін ұлғайғаны және Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 2,3 миллиард долларға дейін өскені туралы алдын ала дерек ұсынылды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев инфляцияның монетарлық емес факторларын төмендетуге және халықаралық нарықтардағы құбылмалылықтың арту жағдайында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге баса мән беруді тапсырды.

Тағы да әуежай сатылмақ

Ақтөбе халықаралық әуежайы саудаға қойылды. Бұдан бұрын Алматы әуежайының да мөлери өзгерген. Биліктің бұл қадамы бұқараға түсініктеу болып тұр. Себебі әуе қақпалары – мемлекеттің стратегиялық нысаны. Аса маңызды нысандарды жекең қолына өткізу ел қауіпсіздігіне нұсқан келтірмей ме? Ойлану керек сияқты.

БАЙЛЫҚ БАСТАУЫ – ӘУЕЖАЙ

Бірден айтайық, дауға тамызық болған сауда уақытша доғарылды: мәртебесі – сауда қайта жанданғанға дейін тоқтатылды. Ақтөбенің «Әлия Молдағұлова атындағы халықаралық әуежайы» үшін мемлекет небәрі 7,3 млрд тенге сұраған. Салыстыру үшін айтсақ, осы сома Rolls-Royce-тың Boat Tail моделіндегі 1 автомобильінің құнынан (20 миллион фунт) да арзан! Яғни, бір автокөлік бағасына Қазақстанның 4-ші ірі қаласындағы және болашақ мегаполисіндегі стратегиялық нысанды – халықаралық әуежайды қалтаға басуға болады.

Сарапшылар пандемияға дейінгі жылдары дәл осы әуе қақпасын AEON халықаралық инвесттобы бұдан 3 есе қымбатқа сатып алуға әзір болғанын еске салды. Тіпті, Kazakh Invest онымен меморандум бекіткен. Мәжіліс депутаты Андрей Линниктің тұспадауынша, сол мәміленің іске аспауына әлдекі мүдделі болуы мүмкін. Өйткені бұл – шынайы әрі мол табыс әкелетін, тұрақты түрде жұмыс істейтін санаулы әуежайдың бірі.

«Электронды сауда алаңы» (e-auction.gostrest.kz) порталында жарияланған ақпаратқа жүгін-



сек, Ақтау әуежайын кейіннен сатып алу құқығымен 3 жылға сенімгерлік басқаруға беру жоспарланған. Сауда шарты бойынша қатысушылар 1 млрд тенгедей кепіл жарна енгізуі керек. Осы соманың өзі құнды активті алдымен сенімгерлік басқаруға алуға жеткілікті болуы мүмкін еді. Содан кейін одан көрген табыс есебінен әрі жеңілдікті шарттармен толығымен сатып алуға болады: нарықтық құнын 3 жылға дейінгі мерзімге бөліп-бөліп төлеуге рұқсат етілген.

Нысанның бүкіл 3 306 425 акциясын иеленген қожайыннан персоналдың ең болмаса 80%-ын сақтау сұралмақ. Онда 481 жұмыскер қызмет етеді.

Әуежай иесінің міндеттемелері көп емес: одан жолаушылар ағынын ұлғайту үшін аэровокзал алаңын 2 мың шаршы метрге кеңейту, жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарту, жүкті өңдеу үшін арнайы техника сатып алу талап етілді. Осыны орындаса болды, әуежай арқасында байлыққа батуына жол ашық, өріс кен.

Әуежай әзірге Ақтөбе облысының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының балансында тұр. Бірақ нысан бәрібір жеке қолға табыстатынға ұқсайды: жекешелендірілетін мемактивтер тізімінен алып тасталмаған.

(Жалғасы 4-бетте)

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Серікқали Аманғалиұлы Брекшев Экология, геология және табиғи ресурстар министрі лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Серікбай Өтелгенұлы Трұмов Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып тағайындалды.

Желісі ескі, тарифі өскен Қазақстан

Еліміздегі инженерлік желілердің қай-қайсысының да жетісіп тұрғаны шамалы. Барлығы да жартылай тозған. Соның ішінде ең қатты тозғаны электр желілері. Биылғы мәлімет бойынша, мұндағы ток тасыған бағана-сымдардың орташа тозуы 65,4% болған. Ал салыстыру үшін айтар болсақ, өзге инфрақұрылымдардан: жылумен жабдықтау – 59%, сумен жабдықтау – 50%, су бұру 56%-ға ескірген екен. Бұл жағдай еліміздегі электр энергиясының тарифіне кері әсер етіп тұр. Өйткені тозған дүниені жаңалау үшін монополистер сәті түссе, бағаны өсіруге дайын тұрады. Биыл күзде де кезекті рет баға көтерілмек.



ТОЗУМЕН ҚАТАР ТАПШЫЛЫҚ БОЛЖАНУДА

Энергетика министрлігі электр желілерінің тозуын ең бірінші кезекте олардың ескілігімен байланыстырады. Көп бөлігі 1970 жылдары пайдалануға берілген бұл инфрақұрылымның өндірісте тұрғанына 50 жылға жуықтаған. Мәселен, тозу үлесі жағынан ауыр жағдай Шығыс Қазақстан (81%), Батыс Қазақстан (80%) және Қостанай (74%) облыстарында қалыптасып отыр. Оларды жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, бұл тым мардымсыз. Бес жылға бекітілетін табиғи монополиялар субьектілерінің инвестициялық бағдарламалары тек тозу деңгейін төмендету шараларын ғана қарастырады екен. Яғни, тек әр-әр жердегі

бөлшектерін ауыстырумен шектеледі. Одан әріге ақшалары жок. Өз кезегінде Энергетика министрлігі 2017-2021 жылдарға арналған жылу және электр энергетикасын дамытудың Стратегиялық жоспарында 230,3 млрд тенге қарастырылған екен. Соның ішінде 2018 жылға – 82 млрд, 2019 жылға – 61,2 млрд, 2020 жылға – 46 млрд, 2021 жылға 41,1 млрд тенге бөлінген. Бірақ бұл стратегияның да дәрменсіздігін уақыт көрсетіп отыр.

«Бүгінде қолда бар электр қуаты 19 700 МВт. 2020 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясын өндіру 108,1 млрд кВт/сағат болған. Оның ішінде, елде тұтыну – 107,23 млрд, экспорт – 866,121 млн кВт/сағат. Ал биылғы жеті айда 66,2 млрд кВт/

сағат ток өндірілді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,75%-ға артық. Тұтыну көлемі 5,73%-ға, яғни 65,4 млрд кВт/сағатқа дейін өскен. Былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда солтүстік өңірде тұтыну 6%-ға, оңтүстікте 10%-ға және Батыс Қазақстанда 2%-ға артты. Министрліктің 2021-2027 жылдарға арналған электр энергиясының бекітілген болжамды теңгеріміне сәйкес, еліміздің Бірыңғай энергетика жүйесінде 2027 жылдан бастап базалық электр қуатының 898 МВт көлем шамасында тапшылығы болжанып отыр», – делінген Энергетика министрлігінің хабарламасында.

(Жалғасы 4-бетте)


Баспана неге қымбат?

Қазақстанда баспана бағасы жыл басынан бері 11,6%-ға қымбаттаған. Бірақ бұл қымбатшылық нарықтағы жылжымайтын мүлікке деген шынайы сұранысқа қарай емес, құрылыс компанияларының бағаны қолдан әдейі ұйымдастырған әрекетіне ұқсайды.

Республиканың жылжымайтын мүлік нарығы жылдан-жылға үздіксіз ұлғайып келеді. Еліміздегі құрылыс компаниялары жыл сайын жалпы ауданы орташа алғанда 2 миллион шаршы метр болатын тұрғын үйді пайдалануға береді. Сонымен қатар

баспананың бағасы да уақыт өткен сайын еш тежеусіз қымбаттап барады әрі ешқандай сарапшы болашақта тұрғынжайлардың құны арзандайды деп айта алмайды.

(Жалғасы 4-бетте)





Балаларға арналған заң қаралады

Мәжіліс Спикері Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен палата бюросы өтіп, онда алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы қаралды. Келесі аптадағы жиында депутаттар қарауына бала құқықтарын қорғау мәселелеріне қатысты заң жобасын бірінші оқылымда енгізу ұсынылды.

Заң жобасына депутаттар бас-тамашы болды. Құжат балалар мүддесі үшін заңнаманы жетілдіру, сондай-ақ Бала құқықтары туралы конвенцияның ережелерін Қазақстанның орындауы туралы төртінші кезеңдік баяндаманы қорғау қорытындылары

бойынша БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің ұсынымдарын іске асыру мақсатында және «Балаға мейірімді Қазақстан» атты екі халықаралық конференцияның қорытындылары бойынша дайындалған ұсынымдар аясында әзірленді.

Заң жобасы Қылмыстық, Әкімшілік құқықбұзушылық және Еңбек кодекстеріне, сондай-ақ тағы басқа бірқатар заңға түзетулерді қарастырады.

Сонымен қатар жалпы отырыста депутаттар «Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын II оқылымда қарайды деп жоспарланып отыр.



Биыл егін шығымдылығы төмен

Ауыл шаруашылығы министрлігі егін орудың қалыңдығын баяндады. Ведомствоның хабарлауынша, 2021 жылғы 9 қыркүйектегі жағдай бойынша республика көлемінде 11,8 миллион гектардан дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар жиналды. Бұл биыл орақ салынатын жалпы егістік алаңының 74,3%-ы. Яғни, орақ науқаны аяқталуға таяу.

Биылғы орташа өнімділік гектарына 8,7 центнерден ғана айналып отыр. Осылайша, әзірге 10,3 миллион тонна астық бастырылды.

Осы жылдың шілде-қазан айларында егіншілерге 396,5 мың тонна бағасы арзандатылған ди-

зель отынын тарату жоспарланған-тын. Оның 221,1 мың тоннасы немесе 56% ғана тиеліп, жөнелтілді.

Энергетика министрлігі мұнай өндіетін зауыттармен бірлесіп, 1 литр дизель үшін 156 теңге баға-

сын белгіледі. Бірақ операторлардың жеткізу құны қосылғанда өңірлерде орташа баға әр литр үшін 177 теңге, бұл нарықтық бағадан 11%-ға ғана арзан (ЖКС-терде – 198 теңге).

«Жалпы, егін жинау науқаны штаттық режимде өтіп жатыр. Ауа райы қолайлы болған жағдайда егін жинау науқанын оңтайлы мерзімде аяқтап, астық жинау бойынша болжамдар толық орындалады деп жоспарланып отыр», – деді АШМ.

Зейнеткерлер қатары азайды

Қазақстанда зейнеткерлер саны кеміп барады. Нақтылай кетсек, жыл басында еліміздегі зейнеткерлер саны 2 миллион 247 мың адам болған. Ал 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша зейнеткерлер саны 2 миллион 235 мың адам болды.

Жыл басынан бері қазақстандықтарға 1,7 триллионнан астам теңгеге зейнетақы төленді. 2021 жылдың қаңтар-тамыз айларында республика-

лық бюджеттен базалық зейнетақы төлеуге 547 миллиард теңге, ынтымақты зейнетақы төлемдеріне 1 триллион 236,7 млрд теңге бөлінген.

2021 жылдың тамыз айында республикалық бюджеттен зейнетақы төлемдеріне 221,8 млрд теңге, оның ішінде базалық зейнетақы төлеуге – 68,1 млрд теңге, ынтымақты зейнетақы төлеуге 153,7 млрд теңге бөлінді.

Қазақстанда зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері биылғы қыркүйекте 99 857 теңге мезесіне жетті.



«Мерейлі отбасы» жеңімпаздары анықталды



Отбасы күні қарсаңында Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен онлайн форматта «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаттарын марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты іс-шараны ашқан Мемлекеттік хатшы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқып берді.

Онда конкурстың өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі және отбасылық құндылықтарды нығайтудағы маңызды рөл айтылды.

— Мен Қазақстандағы әр шаңырақ берік болып, әрбір әулет бақытты ғұмыр кешкенін қалаймын. Сол үшін отбасы саясатына баса мән беремін. Ұрпақтың бойындағы адамгершілік пен адалдық, еңбекқорлық пен мейірімділік, ұлтжандылық пен отаншылдық сияқты асыл қасиеттердің бәрі ең

алдымен, отбасыда қалыптасады. Қазақ – қашанда ата-ананы сыйлаған, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген жұрт. Қазіргі жаһандану заманында рухани құндылықтарды халқымыздың өмір салтына айналдыру – аса маңызды міндет. Жыл сайын «Отбасы күніне» орай өткізілетін ұлттық конкурс бұған зор үлес қосып жатыр, – делінген Президент құттықтауында.

Мемлекет басшысы байқаудың әсіресе жастар үшін берертағылымы

мен тәлім-тәрбиесі зор екеніне екіпін түсірді.

Айта кетейік, биыл конкурсты өткізудің жаңа тәсілдері енгізілді. Соған сәйкес, енді жыл сайын республика бойынша 17 үздік отбасы анықталатын болады. Биыл өңірлік конкурстық комиссияларға барлығы 2 768 өтінім түсті. Жаңа ережелер бойынша өтінімдер тек отбасылардан ғана емес, заңды тұлғалардан да қабылданды. Сөйтіп, биыл алғаш рет 17 отбасы бірден жеңімпаз болып танылды.

Іс-шара соңында Мемлекет басшысының атынан лауреат отбасыларға естелік сыйлықтар табысталды.

Министрлік жазаланатындар тізімін жолдады

Білім және ғылым министрлігі мектептерге қатысты тапсырмаларды орындамаған тұлғаларға шара қабылдау үшін бірқатар өңірдің әкімдіктеріне хат жолдады. Әңгіме мектеп ауласындағы дәретханалар мәселелерін шешпеген, бейнебақылау камераларымен, дабыл батырмасымен, қауіпсіздік жүйелерінің басқа элементтерімен қамту туралы міндеттерді орындамағандар туралы.

Оқу жылының қарсаңында БҒМ-нің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің қызметкерлері барлық облыс пен қалалардағы әкімдіктерге бағынышты мектептерді тексерді. Инспекция барысында Түркістан, Ақтөбе, Алматы, ШҚО,

БҚО, Қарағанды, Костанай облыстарындағы және Шымкенттегі мектептерде жылы дәретханаларды жабықтау бойынша көрсеткіштің 100%-ға жетпейтіні анықталды. Үкімет оқу жылының басында мектеп ауласындағы барлық дәретхананы жою міндетін қойған.

Қолданыстағы жылы дәретханалардың эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі бойынша да сұрақтар туындады. Мысалы, жабық кабиналар, қолды жуу және кептіруге арналған құрал-жабдықтардың болуы және тағы басқа талаптар сақталмаған. Осы мәселелерді шешу үшін БҒМ комитеті санитарлық ережелерге өзгерістер енгізді. Жалпы, жергілікті атқарушы органдар қысқа мерзімде 2 600-ден астам жылы дәретхана жасапты. Ал Алматы, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстарында бейнебақылау камераларын орнату мәселелері толық шешілмеген.



Алматыны «самопал» жайлап барады


Қаржылық мониторинг агенттігі Алматыда алкогольдің заңсыз айналымы саласында 16 қылмысты анықтады. Жүз мыңнан астам қолдан жасалған арақ-шарапты тәркілеген. Агенттік суррогат алкоголь өнімдерінің негізгі бөлігі астыртын цехтарда, көбінесе антисанитариялық жағдайларда жасалатынын айтады. Бірақ арланбай тұтынындар болса керек.

Қаржылық мониторинг агенттігінің Алматы қаласы бойынша аумақтық департаменті жалған есепке алу-бақылау танбалары бар спирттік ішімдіктерді дайындап, кейін Алматының сауда орындарында, базарларда сатқаны үшін 1998 жылы туған Алматы қаласының тұрғыны Б.Камалды қылмыстық жазаға тартты.

Жалпы алғанда, 2021 жылдың басынан бері Алматы қаласында спирт және алкоголь өнімдерінің заңсыз айналымы саласында 16

қылмыс әшкереленді. Суррогат алкоголь өнімдерін дайындайтын 8 астыртын цех қызметі тоқтатылды. Заңсыз айналымнан барлығы 91 мың данадан астам жалған акциздік танбалар, Jack Daniel's,

Jameson, «Қазақстан», «Воздух», «Зерно», «Бульбаш», «Хортица» «Царская», «Финляндия» және басқа алкоголь өнімінің танымал маркалары жапсырылған 110 мыңнан астам бөтелке тәркіленді.



Дайындаған Елдос СЕНБАЙ

«Nur Otan» берілген УӘДЕЛЕРДІ ОРЫНДАУДА



«Nur Otan» партиясында «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасы қалай жүзеге асып жатқаны айтылды. Жыл басынан бері Елбасы – партия Лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша қабылданған әрбір өңір, қала және аудан бойынша 217 Жол картасы аясында республикалық индикаторлардың 11%-ы және өңірлік деңгейлерде 12%-ы орындалды.

Партияның баспасөз қызметінің мәліметінше, өңірлерде 7,7 млн. шаршы метр тұрғын үй, 12,2 мың орындық 34 мектеп, 15 медициналық нысан, 4,5 мың орындық 68 балабақша салынды. 800 млрд теңгеге инвестиция тартыла отырып, 77 жаңа кәсіпорын ашылды. Тұрақты жұмыс орындарына 160 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылды. Жыл соңына дейін тағы 200 түрлі әлеу-

меттік нысан, оның ішінде жаңа мектептер, ауруханалар және тағы да басқалары іске қосылады. Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласында медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту үшін 6 дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталды. Алматы облысында жаңа цемент зауытының ашылуына байланысты тағы 500-ге жуық жұмыс орны ашылды. Түркістан облысында 110 МВт-

ты құрайтын үш күн электр стансасы іске қосылды. Бұл жылына 117 мың тонна көмірқышқыл газымен атмосфераның ластануын болдырмауға мүмкіндік береді. Батыс Қазақстан облысында 600 балаға арналған 12 балабақша ашылды. Сондай-ақ инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру де жалғасуда. 1 681 балабақша мен 5 536 мектепте ерекше балаларға жағдай жасалған. Ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу үшін балабақшалардың 2,5 мыңнан астам педагогі және мектептердің 36 мың мұғалімі біліктілікті арттыру курсынан өтті. Сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласында, Павлодар, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Ақмола облыстарында мүгедек балаларға арналған арнайы оңалту орталықтары ашылды.

Еске сала кетейік, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жария еткен «Nur Otan» партиясының сайлауалды уәделері аясында 2025 жылға дейін 1 млн отбасы үшін 100 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға беріліп, 3,5 мың ауыл мен 5 мың мектепке қайта жөндеу жұмыстары жүргізіледі. 25 мың шақырым республикалық және 27 мың жергілікті жолдарды салу және қайта жанарту жоспарланды.

Әлеуметтік төлемдерді жыл сайын индекстеуге 3 триллионнан астам теңге бөлінеді. Денсаулық сақтауды қаржыландыру көлемі ЖІӨ-нің 5%-ына дейін жеткізілетін болады. 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалар мектепке дейінгі тәрбиемен 100% қамтылатын болады.

Айта кетейік, барлық тармақтармен толығырақ nurotan.kz сайтынан танысуға болады.

40 мыңнан астам баланы мектепке даярлады

«Nur Otan» бастауыш партия ұйымдарының мүшелері жыл сайынғы «Баланы мектепке даярлайық!» акциясы аясында жаңа оқу жылына 40 мыңнан астам баланы даярлауға көмектесті.

Партияның баспасөз қызметінің хабарлауынша, көпбалалы және толық емес отбасылардың балаларына, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін еліміз бойынша кенсе тауарлары, мектеп және спорт киімдері, сөмкелер және басқа да қажетті заттар сатып алынды.

Сонымен, партияның Орталық аппараты бастауыш партиялық ұйымының мүшелері биыл жалпы сомасы 1,2 млн теңгеге 67 балаға көмек көрсетті. Ал еліміз бойынша нұротандықтар жалпы сомасы 593,4 млн теңгеге 41 558 баланы мектепке дайындауға көмектесті.

— Арамызда осындай жанашыр партияластарымыздың көп болғаны қуанталады. Біздің күшіміз — бірлікте! Осындай игі істері үшін барлық партияластарымыз алғысымызды білдіреміз. Балаларға жасаған қамқорлық — олардың ертеңгі күні елімізге лайықты азамат болып өсуіне қосқан үлесіміз. Осы акцияның ұйытқысы — «Бақытты отбасы» партиялық жобасы, — деп атап өтті Орталық аппаратының БПҰ төрағасы Арыстанғали Арын.



Оның айтуынша, «Nur Otan» партиясы балаларды қорғау және отбасы институтын қолдау мәселелеріне жіті көңіл бөліп отырады.

Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында «Бақытты отбасы» жобасы аясында өмірлік қиын жағдайда жүрген 136 мыңнан астам отбасына атаулы әлеуметтік көмек көрсетілді. Аз қамтылған отбасылардан шыққан 17 мыңнан астам бала бассейндер мен спорт клубтарына тегін бару мүмкіндігіне ие болды. Тоғыз облыста 545 тегін үйірме

және 135 мыңнан астам балаға арналған 70 аула клубы ашылды. Сондай-ақ партия жанында Отбасы, Әйелдер және балалардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес, «111 жедел қызметі» арнайы байланыс орталығы, 2,3 мыңнан астам жедел әрекет ету тобы белсенді жұмыс істейді. 2025 жылға дейін әр қала мен ауданда өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен балалы аналарды қолдау бойынша 234 орталық ашылады.

Эльмира ҚАЗИЕВА:

ЖИҒАН ТӘЖІРИБЕМДІ ТУҒАН ЖЕРІМНІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ ЖҰМСАСАМ ДЕЙМІН

Қызылорда облысындағы 357 мемлекеттік органды 3 мың 390 мемлекеттік қызметші аймақ дамуына қызмет етеді. Олардың 1 мың 551-і — әйел. Басшы лауазымдағы арулар саны 359-ды құрайды. Басшылық қызметтегі бұрымдылар санына биыл Эльмира Қазиева да қосылды. Ол биыл 25 шілдеде елімізде тұңғыш рет өткізілген ауыл әкімдерін сайлау науқанында жеңіске жетіп, Қармақшы ауданындағы Ақай ауылының әкімі атанды. Жаңа науқанның алғашқы жеңімпазы атанған Эльмира Ордабайқызымен сұхбаттасып, алдағы жоспарымен бөліседі жөн көрдік...

— Эльмира Ордабайқызы, елімізде алғаш рет өткізілген ауыл әкімдерін сайлау науқанындағы жеңісіңізбен құттықтаймыз. Жаңа қызметіңізге сәттілік тілей отыра, ел үшін етер еңбегіңізді еселене түсетініне сенеміз. Ауыл әкімі болу да ауыр жұқ екенін білеміз, әйел затына бұл лауазым қиын тимей ме?

— Гендерлік саясат — гендерлік теңдікке көл жеткізуге бағытталған мемлекеттік

және қоғамдық қызмет. Ал гендерлік теңдік дегеніміз — әлеуметтік функцияларды орындау кезінде жынысына қарамастан әйелдер мен ерлердің ресурстар мен игіліктерге тең дәрежеде қол жеткізуі. Бұған дейін де Сыр өңірінде аудан, ауыл басқарған апаларымыз жетерлік. Олардың бәрі ерлермен иық тіресе қызмет етіп, туған жердің гүлденуіне өлшеусіз үлес қосты деп айта аламын.

Өзіңіз білесіз, біздің аймақты да қазір әйел адам басқарады. Еліміз бойынша тұңғыш рет біздің өңірде әйел адам облыс әкімі лауазымына қол жеткізді. Ол кісінің жұмысына бүгінде ел тұрғындары оң бағасын беріп жатыр. Сондықтан да әйел затына ел басқару аса қиын тимейді деген ойдымын. Әрі «Nur Otan» партиясы да бұл мәселеге айрықша көңіл бөліп отыр.

— Сізді әкімдікке сайлауға түсуге елді мекеннің қандай мәселелері түрткі болды? Жалпы, әкім болудағы мақсатыңыз...

— Ақай ауылдық округі 2005 жылғы сәуір айында Төретам кентінен бөлініп, ауылдық округі болып құрылғаннан 2018 жылға дейін әкім аппаратында 13 жыл үздіксіз қызмет атқардым. Осы жылдары халықпен етене араласып, тұрғындардың тыныс-тіршілігімен таныспын. Түрткі

болған мәселе — Ақай ауылын көркейткіп, абаттандыру және халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсарту.

Осы кезеңге дейінгі алған білімді және өмірден жинақтаған іс-тәжірибемді округ тұрғындарының әл-ауқатын және шаруашылық құрылымдарының экономикалық нығаюына жұмсағам деймін.

— Ел басқаруда бұрынғы әкімдерге қарағанда қандай жаңашылдықтарды қолға аласыз?

— Жогында осыған дейін мемлекеттік қызметтің бірталай сатысында болғанымды тілге тиек еттім. Сондықтан бұл салада тәжірибем бар. Қазір әлеуметтік желі дамыған заман. Бүгінгі эпидемиология қарамастан елмен етене болудың мүмкіндігі мол. Сол себепті жұмыс жоспарларымды үнемі ауыл тұрғындарымен ақылдаса отырып бекітіп, атқарылған істерді оларға баяндап, халықпен тығыз байланыста болғым келеді.

— Қызметке кіріскенде ең алдымен қай мәселені қолға алдыңыз? Шешімін тауып келе ме?

— Ең алғаш мәселе көшелерге орташа жөндеу жұмыстары. Құдайға шүкір, ауылмыздың 7 көшесінде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Алдағы уақытта

Ақмола облысы Қосшы қаласына қарасты «Лесная поляна» тұрғын үй алабының тұрғындары «Nur Otan» партиясының өкілдерімен кездесіп, өздерін мезі еткен түйткілді мәселелер туралы айтты. Олар аталған тұрғын үй алабында судың үздіксіз берілмеуіне, сондай-ақ мектептер мен балабақшаларда орын санының жетіспеуіне наразы. Билеуші партияның Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесіне берген ұжымдық өтінішке 100-ден астам адам қол қойған. Нұротандықтар олар үшін депутаттар мен атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен арнайы көшпелі мәжіліс ұйымдастырды. Бұл туралы партияның баспасөз қызметі хабарлады.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ТОЛҒАНДЫРҒАН МӘСЕЛЕ КӨП



Қалалықтар партия өкілдерімен кездесу барысында өздері тұратын аймақта қарапайым ғана коқыс салатын контейнерлердің жетіспейтінін сөз етті.

— Орталық аллея көптен бері коқыс төгетін алаңға айналды кетті. Ал мұнда балалар ойнайды, жағымсыз иіс пәтердегілерге де жетеді. Біз ПИК-ке талай рет хабарластық, олар бізді әкімдікке, ал әкімдік кері сілтеп, әуре-сарсаңға түстік, — дейді жергілікті тұрғын Әсем Есламбекқызы.

Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Әлихан Қуатбековтің айтуынша, коқысты шығару тұрақты түрде жүргізіледі, тек биылдың өзінде 4 рұқсат етілмеген коқыс төгетін орын жойылған, 4 мың шаршы метрден астам коқыс шығарылған.

— Мәселені толық шешу үшін қаржыландыру жетіспейді, қазір мердігер ұйыммен жалпы сомасы 6,5 млн теңгеге шарт бар, біз қаржыландыру көлемін ұлғайтып, бүкіл қала аумағында санитарлық жағдайды жақсартуды жоспарлап отырмыз, — дейді Әлихан Қуатбеков.

Қоғамдық көліктің жұмысы да азаматтардың көңілін көншітпей отыр. Көлік саны мүлдем жетіспейді.

— Негізінен тұрғындардың барлығы дерлік Нұр-Сұлтан қаласына жұмысқа барады. Күнне автобустардың іші лық толы болады. Адамдар көп жүретін қарабалас кезді айтпай-ақ қояйын. Жүргізушілерге обал. Әсіресе, таңғы және кешкі уақыттарда автобустардың қатынау жиілігін арттыру қажет, — дейді жергілікті тұрғын Райхангүл Ақбергенова.

Дайындаған Әбілмансұр ЖАСАН



қалған көшелерді де заманға сай көркейте бермекпіз.

— Сайлауалды бағдарламаныңдағы негізгі мәселелерді атап өтсеңіз...

— Сайлауалды бағдарламалда 2021-2025 жылдары ауылшілік көшелерді орташа жөндеу күрделі жөндеуден өткізу мәселесін шешуді қарастырдым. Жаңа айтып өткенімдей, бұл жұмыстарды бастап та кеттік.

Содан кейінгі ең маңызды жоспарымның бірі — 2022-2025 жылдары ауылды газбен жабдықтауға ықпал ету.

Одан бөлек, елді мекен тұрғындары арасында кәсіпкерлікті жандандыру да жүйелі түрде жүзеге асса деймін. Өйткені кәсіпкерлік саласына мемлекеттен жасалып жатқан қолдау жеткілікті. Әрбір ауыл әкімі кәсіп бастайтын деген халыққа қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар берсе, ауыл-

дарда жұмыссыздық деңгейі азаяр еді. Біздің Ақай ауылының кәсіпкерлік саласын дамытуға мүмкіндігі мол.

— Осы өзіңіз айтып отырған жоспарыңызды орындауға берілген мерзім жеткілікті ме? Осы аралықта орындауға толық мүмкіндігіңіз бар ма?

— Әрине, толық мүмкіндік бар. Сөз басында айтқаныма, көшелерге жөндеу жұмыстары күн тәртібінен түспейді.

Ал ауылды газдандыру мәселесіне келетін болсақ, алдағы уақытта Ақай ауылын көгілдір отынға қосу жоспарланған. Тартылатын газ құбырлары мен орамшылқ газ тарту желілерін салу құрылысына мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Кәсіпкерлікті дамыту бойынша тұрғындармен тығыз байланыста жұмыс істеймін.

— Бұл мерзім өткен соң келесі сайлауға да түспек ойыңыз бар ма?

— Қазаққа «балапанды күзде сана» деген нақыл сөз бар. Сол секілді осы мерзімде атқарған жұмыстарымыздың көрсеткіші келер сайлау жақындағанда белгілі болады. Ол кезде мен сайлаушыларымыз сенімінен шыға алдым ба, жоқ па, айқындалады. Сондықтан бұл сұрақтың жауабын уақыттың еншісіне қалдырсам. Себебі маған ауыл тұрғындарының жұмысына берген бағасы маңызды.

— Уақыт бөліп, әңгімелескеніңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Ерканат СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,
Қызылорда облысы

Тағы да әуежай сатылмақ

(Басы 1-бетте)

Елдос СЕНБАЙ

ҚЫРУАР МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІККЕ КІМ ҚЫЗЫҚТЫ?

Қоғам оның тым арзанға кеткелі тұрғанына ашынады. Жергілікті бағалаушы фирма – 32 жас-тағы Роман Рывковтың «Независимая экспертная оценка» ЖШС биыл 19 тамызда «әуежай құны 7 млрд 320 млн теңге тұрады» деген қорытынды шығарыпты. Осы қызметі үшін ол ресми түрде небәрі 130 мың теңге алған. Облыстық Қаржы басқармасы онымен «бір көзден сатып алу» жолымен келісімге отырған.

24 тамызда мемлекеттік тілде «Заң газетінде», орысша «Юридическая газетада» Ақтау әуежайының сенімгерлік басқаруға берілетіні туралы хабарлама басылды. Бұл апарат әлеуметтік желі арқылы тез тарат, наразы пікірлер гүлей бастады. Дүрмекке жана сессиясын бастаған парламентшілер қосылды. Мәжіліс депутаттары Ақтөбенің халықаралық әуежайының мүлкіктің кешенінің құны қаншалықты дұрыс бағаланғанын тексеруді талап етіп, депутаттық сауал жолдады.

Олар сатылғалы тұрған әуежай кешеніне терминал, әкімшілік ғимараттар, жалға берілетін duty free аймағы, коммерциялық алаңдар, қоймалар, арнайы техника мен көліктер, инженерлік желілер, отын-энергетикалық кешен, ЖЖМ-ге толы резервуарлар, тіпті төл теміржол бұтағы кіретініне назар аудартты. Оның мүлкінің

бүкіл тізімі 396 бетте тізбеленген. Сату қарсаңында ғимараттар, құрал-жабдықтар, бүкіл инфрақұрылым ІСАО ұсынымдары мен халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілген. Қыруар ел қаржысы күйілген. Әуежайдың аэродромы І класқа жатқызылған, яғни Боинг 727-200, алып Ан-124-ті қабылдай алады. Әуежай әртүрлі ұшақтарға ұшу-қону жолағын ұсыну және ұшақтарға қызмет етудің сан алуан қызметтерін көрсетеді.

Яғни, инвестор дап-дайын бизнеске қол жеткізеді. Енді осының бәрі бір қымбат көліктен де арзан бағалануы қаншалықты әділ?

«Әуе қақпасы Батыс Еуропаны Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азиямен байланыстыратын ірі халықаралық аэронавигациялық трассалардың тоғысқан тұсында орналасқан. Болашағы зор. Тек Батыс Қазақстанға ғана емес, 100 шақырым жердегі, іргедегі Ресей өңірлеріне арналған жүкті қабылдай береді. Ондағы аэродромда әскери авиация – Қазақстан Әуе қорғанысы күштерінің Әскери институтының оқу ұшақтарының базасы орналасқан», – делі депутаттар.

Кейінгі 5 жылда әуежай бюджетке 108-133 млн теңгеге дейін салық төлеп келді. Ал өте тасымалы қайта жанданған биылғы 8 айда бюджетке 165 миллион теңге құйыпты. Мұның бәрі әуе қақпасының табысы пандемия кезінде де өсіп жатқанынан хабар береді. 2020 жылғы жалпы кірісі – 1,9 миллиард теңгедей. Әзірге Ақтау халықаралық әуежайына қатысты мәселе түпкілікті шешімін тапқан жоқ.

ҚАНША ӘУЕЖАЙ МЕМЛЕКЕТ ҚОЛЫНДА ҚАЛДЫ?

Биыл Алматы әуе қақпасының сатылуы да қоғамда алаңдаушылық туғызды. 2021 жылдың мамырында жарияланған Алматы халықаралық әуежайының 415 млн долларға шетелдік компания меншігіне өткені туралы хабарды естіп, қоғам бір дүрлікті. «Стратегиялық нысандар бұлай сатылып, талан-тараж бола берсе, ұлттық қауіпсіздіктен не қалады?» деп тіксіңді жұрт.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов блогы арқылы жауап беріп, елге басу айтты. Оның пікірінше, қажет болған жағдайда әуежайды мемлекет өз бақылауына ала алады.

«Қолданыстағы «Қазақстанның әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» заңының 73-бабына сәйкес, стратегиялық объект саналатын әуежайды елдің мүддесін, адамдардың өмірі мен денсаулығын елеместен пайдалану салдарынан Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган ел Үкіметімен келісе отырып, халықаралық ұшуға қызмет көрсететін әуежайға уақытша басқаруды енгізеді», – делі министр.

Оның дерегінше, Азаматтық кодекстің стратегиялық объектілердің мемлекеттік және жекеменшікте болуына рұқсат етеді.

«Осыған орай «Алматы халықаралық әуежайы» АҚ акцияларының мемлекеттік пакеті 1997 жылы жекеменшікке берілді. 2011 жылдан бері әуежайдың акционері Venus Airport Investments B.V.



болатын. Ол таяуда әуежайды TAV Airports Holding компаниясына сатуға шешім қабылдады. Алматы қаласының әуежайын жаңғырту Ұлт жоспарының 66-қадамында көрсетілген. Сол себепті TAV Airports Holding компаниясының басты мақсаты – Алматы әуежайының мүмкіндігін арттыру және оны жаңғырту болады», – делі Б.Атамқұлов.

Яғни, түрік инвесторы еліміздің ең ірі мегаполисінің әуе қақпасының жана жолаушылар терминалын, бизнес терминалын салуға, ұшу-қону жолағын реконструкциялауға және басқа жобаларға қаржы құюы шарт. Штаб-пәтері Стамбұлда орналасқан TAV Airports Holding Түркиямен шектелмей, әртүрлі континентте – Франция, Грузия, Тунис, Сауд Арабиясы, Хорватияда халықаралық әуежайларды басқарады.

ИИДМ дерегінше, елде әуе

көлігінің жердегі инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. Былтыр түркі әлемінің алтын бесігі Түркістанда заманауи жаңа әуежай ашылды. Ол еліміздің бірқатар қалаларынан – Нұр-Сұлтан, Семей, Қостанай, Атыраудан, сондай-ақ Стамбұл мен Бішкектен рейстер қабылдайды. Биылғы жартыжылдықта Түркістан әуежайы небәрі 22 миллион теңгеден астам табыс тауыпты.

Ішкі туризмді өркендету және ішкі рейстердің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті әкімдіктер Ұржар және Үшарал шағын қалаларындағы әуежайлардың ұшу-қону жолақтарын реконструкциялап жатыр. Нәтижесінде, олар Boeing және Airbus секілді заманауи ұшақтарды қабылдай алатын болады. Бұл әсіресе, жазғы маусымда саяхатшылар ағынын арттыруға ықпал етуі тиіс.

Бүгінде Шымкент әуежайының жаңа терминалын салу, Орал терминалының қайта құру, Өскемен әуежайының ұшу-қону жолағын қалпына келтіру қолға алынған. Алайда олар да дауға киліккен көрінеді.

Қазір республикада 20 әуежай жұмыс істейді. Соның тек 12-сі әзірше мемлекеттік меншікте, бұлар – Нұр-Сұлтан, Атырау, Ақтөбе, Көкшетау, Павлодар, Өскемен, Семей, Қостанай, Талдықорған, Қызылорда, Шымкент, Петропавл әуе қақпалары. 6 әуе порты (Алматы, Қарағанды, Тараз, Орал, Балқаш, Жезқазғанда) – жекеменшікте. 2 әуежай (Ақтау мен Түркістан) сенімгерлік басқаруға беріліп жатыр. Елордадағы Н.Назарбаев атындағы әуежай ерекше мәртебеге ие және тікелей Үкіметке бағынады. Ал қалған мемлекеттік әуе қақпалары жергілікті атқарушы органдардың қарауында.

Баспана неге қымбат?

(Басы 1-бетте)

Дәулет АСАУ

САТЫЛЫМ БАҒАСЫ ӨЗІНДІК ҚҰНЫНАН БІРНЕШЕ ЕСЕ ҚЫМБАТ

Баспананың қымбатшылығы туралы сөз болғанда құрылысшылар мұны үйдің өзіндік құнының, нарықта материалдар мен металл бағасының, тасымалдау қызметінің өсуімен, басқа да жанама факторлардың әсері болғанымен түсіндіруге тырысады.

Осыдан бес жыл бұрын, яғни ипотекалық несиелеу бағдарламалары мен «Тұрғынүй-құрылысжинақбанк» АҚ ипотекалық бағдарламасы іске қосылғанға дейін, 2017 жылы елімізде жаңадан салынған тұрғын үйдің әр шаршы метрінің өзіндік құны 109,2 мың теңге болғанда, халыққа 253,2 мың теңгеден сатылды. Яғни, үйдің нарықтық бағасы өзіндік құнынан 2,32 есе артық есептелген. Құрылыс компаниялары осы үстеме бағаны үздіксіз өсіріп отырған.

2018 жылы мемлекеттің араласуымен тұрғын үйдің әр шаршы метрінің өзіндік құны ештеп арзандап, 104,8 мың теңгеге дейін төмендеді, бірақ соған қарамастан оның нарықтағы бағасы әр шаршы метріне 266,9 мың теңгеге дейін өсті. Яғни, өзіндік құнынан 2,55 есе қымбатқа сатылған. 2019 жылы жаңа үйлердің шаршы метрінің өзіндік құны 106,2 мың теңгеге жеткенде, нақты сатылым бағасы 293,6 мың теңгеге көтерілді. Сөйтіп бұл үйлер халыққа нақты бағасынан 2,75 есе қымбатқа сатылған. 2020 жылы азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы қорындағы «артық» жинақтарын алуға рұқсат берілгенде, құрылыс компаниялары осыны сылтау етіп баспана бағасын тағы да күрт көтеріп жіберді. Былтыр әр шаршы метрдің өзіндік құны 122,1 мың теңге болды, ал үйдің нарықтағы бағасы әр шаршы метріне 307,6 мың теңгеге дейін өсті. Яғни, 2,52 есе қымбат. Бұл коэффициент 2021 жылы да ұлғайды. Был жаңадан салынған үйдің әр шаршы метрінің өзіндік құны 125 мың теңгеге, сатылым бағасы 339,9 мың теңгеге бағаланды. Баспана бағасы нақты құнынан 2,7 есе қымбатқа сатылған. Жоғарыдағы мысалдардан құрылыс компанияларының өздерінің табыстарын жылдан-жылға еселеп көбейтіп отырғанын көреміз.

ҮЙДІН БАҒАСЫН КӨТЕРУЕ ЕШ НЕГІЗ ЖОҚ

Әлбетте, нарықтың өз заңы бар: тауар өндірушілер мен қызмет көрсетушілер оның бағасына әлдеқандай мөлшерде өздерінің кіріс сомасын да қоса есептейді. Бұл жылжымайтын мүлік нарығына да қатысты.

«Тұрғын үйді салған кезде келесідей шығындар есептеледі: құрылыс материалдарының құны, жұмысшылардың жалақысы, жер учаскесінің бағасы және тағы сол сияқты. Осы факторлар үйдің түпкілікті бағалауына енгізіліп, әр шаршы метрдің өзіндік құнына әсер етеді. Сол арқылы еліміздегі үй бағасының қаншалықты шынайы екенін және құрылыс материалдарының қымбаттауы оған қаншалықты әсер еткенін анықтауға болады», – дейді жылжымайтын мүлік нарығы бойынша тәуелсіз сарапшы Ергазы Мұсатаев.

Оның айтуынша, тұрғын үйлердің өзіндік құны болмай өскен жылдарда да құрылыс-



шылар нарықтағы бағаны тым шарықтатып жіберген. Мұны өткен жылдардың статистикасы нақты көрсете алады. Бұл өз кезегінде қайталама нарықтағы және баспананың жалға беру нарығындағы бағалардың артуына итермелейді. Сондықтан қазіргі тұрғын үйлердің бағасы тым қымбат бағаланған. Егер шағын қалаларда ол біршама тұрақты деңгейде тұрса, ірі қалалардағы жылжымайтын мүліктің бағасы ұдайы артып келеді.

«Алпауыт құрылыс компанияларының қолайлы жағдайды пайдаланып, бағаны ойнату арқылы баю үстіне байи түскен. Ал жаңадан салынған үйлердің қымбаттауы құрылыс материалдары құнының өсуінен де жоғары мөлшерде өсіріліп көрсетілген. Яғни, ол жылжымайтын мүліктің түпкілікті құнына дәл қазіргі деңгейдегідей қатты әсер етті деуге еш негіз жоқ», – делі Ергазы Мұсатаев.

Естеріңізге сала кетейік, елімізде «Нұрлы жол» және «Бәйтерек» бағдарламалары шеңберінде құрылыс жұмыстары жүргізіле бастағанда компания басшылары Үкіметтен жылжымайтын мүліктің бағасын көтеруді сұраған болатын. Құрылысшылар одағының мәлімдеуінше, бұл кадам құрылыс материалдарының қымбатшылығына байланысты тұрғын үй тапшылығының алдын алып, бағаның одан ары бейберекет шарықтап кетуіне жол бермейді деген уәжді көлденен тартқан. Алайда Сәулет және құрылыс ғылыми-зерттеу институты сарапшыларының айтуынша, арматура 30-40%-ға қымбаттағанда ол үйдің өзіндік құнының тек 2-3%-ға өсуіне әсер ететін көрінеді. Басқа құрылыс материалдары туралы да осыны айтуға болады.

МАМАНДАРДЫҢ БОЛЖАМЫ ҚОҒАМ ҚОҢШЫЛАРЫНА

«Коронавирус пандемиясы басталғанда теңге бір сәтте құнсызданып, ол жылжымайтын мүлік нарығын дағдарысқа ұшыратты. Алайда мемлекет құрылысшыларға шекті режимде жұмыс істеуге рұқсат бергендіктен құрылыс тоқтаған жоқ, компаниялар қарантин кезеңінде қатты шығынға ұрынбады. Есепте, карантин алынғаннан кейін құрылыс ауқымы да едәуір артып, үй сатылымы, тіпті еселеп ұлғайды. Ал болашақта жылжымайтын мүлік бағасының қымбаттауы немесе арзандауы бірқатар

шарттарға байланысты болмақ: сұраныс, ұсыныс, қаржылық құралдардың қолданылуы және үйдің өзіндік құны. Сондықтан оны дәл қазір тап басып айтуға болмайды», – делі VI Group сарапшысы Дәурен Айтқенов.

Ал Қазақстан жылжымайтын мүлік федерациясының президенті Ермек Мүсіреповтың айтуынша, элит, бизнес және комфорт санатындағы үйлердің құрылысында импорттық материалдар біршама көп болғандықтан, алдағы уақыттарда олардың қымбаттай түсуі ықтимал. Ол доллар мен теңге бағамының арақатынасына да байланысты. Ал енді, экономсанаттағы үйлердің қымбаттауына еш негіз жоқ.

«Себебі бұл үйлерге қатысты барлық мәмілелер мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде субсидияланған ипотекалық несиелер негізінде жүзеге асырылады. Ол екінші деңгейлі банктер мен тұрғын үй бағдарламаларының операторлары арқылы беріледі. Оның үстіне экономсанаттағы үйлердің құрылыс материалдарының 80%-ы отандық өнімдер. Сондықтан экономсанаттағы жылжымайтын мүлік жасанды түрде қолдан қымбаттатылған. Қазірдің өзінде бұл үйлер нақты құнынан 5-10 миллион теңгеге жоғары бағаланған», – дейді Ермек Мүсірепов.

Көп жылдар бойы үй сатылымымен айналысып жүрген риэлтор Әйгерім Каспақова Үкімет зейнетақы қорындағы «артық» ақшаны алуға рұқсат берген сәттен бастап баспана құнының күрт өскенін айтады. Сондай-ақ жылжымайтын мүлік нарығындағы саудасаттық операциялары жазғы мерзімдерде «үйқығы» кетіп, күзден бастап жана жылға дейін қайтадан «тірілетіні» жеткізді. Риэлтор доллар бағасы көтерілгенде сатушылар сонымен бірге үй бағасын да бірден көтеріп жібереді дейді.

Қымбатшылыққа қарамастан жылжымайтын мүлік нарығында экономсанаттағы үйлерге деген сұраныс толастамайды. Өйткені баспанаға мұқтаж халық басқа амалы қалмағандықтан осы қымбат тұрғынжайларды сатып алуға мәжбүр. Себебі біздің елде баспанаға мұқтаждық өте үлкен. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің ақпараты бойынша, бүгінде республикада 1,5 миллион адам баспанаға зору, одан бөлек 25 мыңға жуық отбасы тозығы жеткен, пайдалануға жарамсыз апатты үйлерде тұрып жатыр.

Желісі ескі, тарифі өскен Қазақстан

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

Әйтсе де, мамандар бүгінгі күннің өзінде-ақ 1000 МВт көлемінде реттеу қуатының тапшылығы сезіліп отырғанын айтады. Оның үстіне, электр тұтынудың орташа көрсеткіші 2,4%-ға артқан. Мұның барлығы еліміздегі майнинг фермаларын орналастыру шараларымен байланысты болуы мүмкін. Өйткені Қазақстан биыл сәуір айында әлемдегі майнинг өндірудегі үлесі 8,2%-ға жетіп, Қытай мен АҚШ-тан кейін үшінші орынға шыққан болатын.

МЕМЛЕКЕТТЕН КӨМЕК ЖОҚ

Мамандар еліміздің электр желілері кешеніне соңғы 15 жылда қажетті инвестициялардың болмауы олардың технологиялық жағынан да, жарактануы жағынан да өте қатты тозуына алып келді деп санайды. Бұл саланың дамуына арнайы мемлекеттік бағдарламалардың болмауы да үлкен кедергі болып отыр. Мәселен, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасында жекеменшік электр желілері компанияларын реконструкциялау міндеттері қарастырылмаған. Сол себептен де, бұл салаға мемлекеттен бір тиын да бөлініп отырған жоқ.

«Кенес кезінен қалған ескі инфрақұрылымға өте мұқият қарау керек. Бүгінде олар толықтай алмастыруды қажет етіп тұр. Еліміздегі жиілеп кеткен жарықтың сөніп қалу оқиғалары, электрмен жабдықтаудың тұрақсыздығы қоғамда үлкен наразылық тудыратынын ұмытпау керек. Оны жергілікті компаниялар да, атқарушы органдар да дұрыс түсініп отыр. Сондықтан да мен келесідей шараларды қабылдауды ұсынамын: еліміздегі бірқатар энергокомпаниялар бастама көтеріп отырғандай, электр желілерін реконструкциялауды «Нұрлы жол» бағдарламасына енгізу керек немесе жаңадан ұлттық бағдарлама қабылдау қажет. Бүгінгі тығырлықтың шығуы одан басқа жолы жоқ. Мамандардың есептеуінше, тозу деңгейі 80%-ға жетіп тұрған бір өңірдегі электр желілерін толықтай модернизациялау үшін алдағы 5

жылда 80 млрд теңгеден астам қаржы керек екен. Бұл ең аз деңгейде қажет етілетін қаражат. Өйткені мен мұнда жұмысшылардың еңбекақысын көтеру, арнайы техникалар паркін жаңарту шығындарын қосып отырған жоқпын», – дейді «Қазақстан энергетика қауымдастығының» еңбек сіңірген энергетигі Жакып Хайрушев.

ТАРИФ ТЫҒЫРЫҚКА ТІРЕП ТҮР

Осы уақытқа дейін бұл мәселенің бір шешімі ретінде тариф мөлшерін көтеру мүмкіндігін қарастырып келген болатын. Тек пандемия уақытында тыйым салынғаны болмаса, сәуір, қазан – баға саясатын қайта қарайтын айлар. Соңғы рет елімізде биыл қантар айында таратушы компаниялар үшін, ал сәуір айында өндіруші компаниялар үшін тариф өсті. Бірақ ендігі кезекте жағдайдан шығу үшін тарифтің өзі де көмектеспейтін сияқты.

«Тариф дегеніміз шындығында тұтынушыларды да, өндірушілерді де тұйыққа тіреп тұр. Өйткені тарифті көтеру үшін қондырғылар мен жабдықтарды қалыпты жағдайға екіліп, жолда ысырап болатын шығындарды азайту керек. Ал оларды жөндеу үшін компанияларға қаражат керек. Ондай ақшаны олар тек тарифті көтеру арқылы ғана таба алады. Биылдан бастап көптеген энергокомпаниялар үшін шектік тариф қолданыла бастаған еді. Бірақ өкінішке қарай, негізгі қорды жаңалауға ықпал етіп алып отырған жоқ. Ал тұтынушылар қымбат тарифті уақытылы төлегенмен, жиі жарық өшіп, электр қуаты айырылып, лайықты қызмет ала алмай отыр. Сондықтан да электр желілерін түбегейлі ауыстыру керек», – дейді Haryshev energy Telegram каналының авторы, белгілі энергетик Жакып Ғалиұлы.

Мамандардың айтуынша, егер тозып тұрған электр желілеріне тезірек модернизация бағдарламасына енгізу керек, салдарынан энергия тапшылығы күрт өсуі мүмкін. Ал апатты құрал-жабдықтардан жолда жоғалатын ресурстардың артып, бұл айналып келгенде тарифке қайта мінбек. Бұл – бар салмақ тағы да тұтынушының қалтасына түседі деген сөз.

Мырзағалиев эволюциясы: мұнайшы – эколог – энергетик

Бытырғы және биылғы екі жыл экология ұранымен өтті десек, жаңылмаспыз. Қоғамда қоршаған ортаға қатысты қаншама елеулі өзгерістер болды, олардың соңы өркенді өзгерістерге әкелді. Ел Президентінің өзі осы тақырыпта қаншама твит жариялады. Ендеше Экология министрі Қазақстандағы ең танымал шенеунікке айналуы тиіс еді. Алайда әлеуметтік желідегі қоғамдық пікір көрсеткендей, азаматтардың көбі министрінің аты-жөнін де дұрыс еске түсіре алмайтын болып шықты.

БІТІСПЕС САЛАЛАРДЫ ҚАТАР БАСҚАРҒАН МИНИСТР

Мәжілістің құптауымен Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 9 қыркүйектегі Жарлығымен Мағзұм Мырзағалиевті Экология, геология және табиғи ресурстар министрі лауазымынан босатып, Энергетика министрі ретінде тағайындады. Осы ротацияға орай пікір білдірген сарапшылар мен саясаттанушылардың пікірі бір арнада тоғысты, оны «ат айналып қазығын табар» деген қанатты сөзбен түйіндеуге болады. Неге?

Қазақстанның мұнай-сервистік компанияларының одағы қыркүйектің бірінші жексенбісінде тойланған Мұнайшылар күні қарсаңында «Мұнай саласындағы ең беделді 50 тұлғаны» атады. Кезекті V рейтингте Мағзұм Мырзағалиев мықты мұнайшылардың бестігін тұйықтады. Ол осы рейтингте бірнеше жыл қатарынан 5-орыннан көрініп келеді. Бұл жерде қоршаған ортаны қорғауға жауапты министрдің мұнай-газ саласының беделді тұлғалары ортасында не істеп жүргені қайран қалдыруы мүмкін. Мағзұм Маратұлының кезінде мұнайшы болғаны қазіргі рейтингке әсер етпесі анық. Сөйтсе, экологиялық ведомствода отырса да, ол мұнайшыларға қамқорлық жасап жүрген екен.

«Мағзұм Мырзағалиевтің командасы әзірлеген жаңа Экологиялық кодекс 2021 жылғы қаңтарда қабылданды. Министрлік 2021-2025 жылдарға арналған Геология саласын дамытудың ұлттық жобасын әзірлеуге кірісті. Онда шөгінді бассейндердің аз зерттелген мұнай-газ әлеуетін анықтау, тау-кен өндірісі аудандарында «терен көзжиектерді» зерттеу қарастырылған», — деп дәйектеді аталған одақ.

Мағзұм Маратұлы, шынында да мұнай саласының маманы: 2010 жылы отандық университетті мұнай-газ кен орнын игеру мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын салалық Schlumberger/MI Drilling Fluids америкалық компаниясында бастады, Теңіз кен ор-



нында жұмыс істеді. Одан кейін «ТеңізСервис» ЖШС-ін басқарды, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясында ірі лауазымдарды атқарды. 2013 жылы Мұнай және газ вице-министрі, 2014 жылдан Энергетика вице-министрі болды. Содан 2019 жылғы 17 маусымда Мемлекет басшысының Жарлығымен ол еліміздің бас экологі атанғанда сарапшылар қайран қалды. Бірақ бұл жерде тандағанын ештеңе жоқтай. Бұл ведомство өзара бітпес секторлардың басын қосалды және тиісінше «Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі» аталады.

Рас, М.Мырзағалиев кеткен соң енді Президент Жолдауына сай табиғатты шикізаттан бөлу процесі жүрмек: Экология министрлігі құрамында Балық шаруашылығы, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі, Экологиялық реттеу және бақылау, Су ресурстары комитеті қалмақ. Ал геологиялық зерттеу, минералдық-шикізат базасы, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, жер қойнауын мембасқару мәселелері түңлігін жанадан түретін ведомствоға кетеді деп күтіледі.

Яғни, Мағзұм Мырзағалиев экология мен геология салаларын қатар басқарған соңғы министрінің бірі болмақ. Бас эколог қызметінде де мұнайшыларға қарсақан басшы бас энергетик ретінде мұнай-газ саласына оралып отыр.

СУ РЕСУРСТАРЫ САЛАСЫ ТОҚЫРАДЫ

Былайғы жұрт біле бермес, осының алдында М.Мырзағалиевтің де отставкасын талап еткен азаматтар мен блогерлер болды. Себебі осы ведомство су ресурстарына жауапты. Тіпті, климатты бақылайтын «Казгидромет» те осы министрліктің құзырында. Алайда еліміздің бірнеше облысы былтыр және биыл қуаңшылыққа ұшырап,

қаншама мал қырылғанда бұл меморган қалыс қалды. Барлық ауыртпалық әкімдер мен Ауыл шаруашылығы министрлігіне түсті, солар тоқпақ желі, ақыры АШМ басшысы орынтағынан айырылды.

Осы орайда «Экология министрі ай қарап отырған ба? Неге құрғақтылық кезені келе жатқанын алдын алағылым болжап, ескертпейді? Неге су ресурстарынан тарықпаудың тәсілдері мен жолдарын көрсетпейді?» деген сөздер естілді. Қисыны бар. Біз ұмтылып отырған дамыған елдерде, мысалы АҚШ-тың қоршаған ортаны қорғау агенттігі өз жұмысының басымдығы ретінде «сумен бадықтау жүйесін жаңғыртуды, ағынды, индустриалдық суларды тазарту бағдарламаларын» бекітті. Қазақстанда инвесторлар мен экологтер біраздан нақты жобаларын ұсынып келе жатқанына қарамастан, ондай бағдарламалар жоқ.

«Биылғы жыл басында Президент экология министрінің қабылдағанын. Онда вегетация мәселелері сөз болғаны айтылды. Не нәтиже шықты? Жазда, ауыл шаруашылығы дақылдарына ең қажет кезде су болмай қалды. Барлық жерде осы ресурстың тапшылығы сезілді. Әрине, суды үнемдеп жұмсау қажет. Бірақ су ресурстарын бөлу тәсілдерін қайта қарап, бұған объективті келу мәселесі де өте өзекті. Қордаланған мәселе жетерлік. Сырдария өзенінің суы көрші қос облыс арасында тең бөлінгені жөн-ақ. Әйтпесе, мысалы Түркістан облысы «Достық» каналымен 80, ал Қызылорда облысы 450 текше шақырым су алады», — дейді кәсіпкер, қоғам белсендісі Тұрсынбай Бердалиев.

Оның мәліметінше, егістік көлемінде сонша айырмашылық жоқ: Қызылорда облысында — 183 мың гектар, ал Түркістан облысының Мактаарал және Жетісай аудандарында — 136 мың гектар. Содан

түркістандық дикандар өткір су тапшылығымен бетпе-бет келген.

Экология ведомствесі қол қусырып, қарап отырды деуге болмайды. Биылғы 19 шілдеде М.Мырзағалиев Өзбекстанның су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраевпен Ташкентте кездесіп, Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы суға қатысты ахуалды жақсартудың бірлескен шараларын талқылады. Келіссөз қорытындысында министр сөз де болса ел мүддесін ілгерілете алды: «Достық» мемлекетаралық арнасы бойымен Мактаарал, Жетісайдағы ауыл шаруашылығы өндірушілеріне берілетін су 80-нен 100 текше метр/секунда дейін артты.

МЫРЗАҒАЛИЕВ НЕСІМЕН МАҚТАНАДЫ?

Экология министрі болған 2,2 жыл ішінде Мағзұм Мырзағалиев саланы жақсарту бағытында жана бастамаларын енгізуге тырысты. Мысалы, Түркістан облысында «К-19» магистральді каналын шифрландыру бойынша пилоттық жоба іске асырылды. Жыл соңына дейін тағы 16 арна шифрландырылуы тиіс. Өткен жылы 53,5 мың гектар суармалы жер айналымға енгізілген, биыл тағы 78 мың гектар жоспарланып отыр. 12 апатты су қоймасы реконструкцияланып, пайдалануға берілді, 2021 жылы тағы 8 су қоймасы қалпына келтіріледі. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында осы бағыттарда бірқатар жана міндет қойды. Бірақ оны жана министр Серікқали Брекешевке жүзеге асыруға тура келеді.

Мырзағалиев мырзаның мақтаншы: экологтермен, қоғам белсенділерімен бірігісіп, қоршаған ортаны жақсартуға арналған 17 Жол картасы бекітілді. Бірқатар ірі компаниямен арада ауаны тастаушы заттар шығарындыларын азайту туралы келісімге келді. Елде 80,5 млн ағаш отырғызылды және

зандыс кескендерге жаза қатайтылды.

Айтпақшы, браконьерлермен күрес дәл осы министр тұсында қарқын алды, пәрменді жүргізілді. Табиғатты жан сала қорғаған бірнеше қорықшы қылмыскерлер қолынан зарлап шекті. Министрлік оларды әлеуметтік қорғау шараларына қолға алды. Сонымен бірге заңнама өзгертіліп, браконьерлік үшін ең жоғарғы жаза бұған дейінгі 5 жылдан 12 жыл бас бостандығынан айыруға дейін ұлғайтылды. 2020 жылы министрліктің инспекторлары киіктерге қатысты браконьерліктің 85 фактісін тіркеді. 727 киіктің өлекесі, 9 мың 743 ақбөкен мүйізі тәркіленіпті. 71 браконьер қылмыстық жаза тартты.

Сонымен бірге кейбір қорықшы-инспектордың Қызыл кітапқа енген жан-жануарды аулауға өздері қатысты, бизнесті жолға қойып алғаны әшкереленіп, біраз жанжал болды. Бұл ретте министрлік еліміздің барлық аумағында киіктерді аулауға шектеуді тек 2023 жылға дейін ұзартты. Содан кейін Қазақстанда ақбөкенді аулау ресми рұқсат етілуі де мүмкін. Себебі егіншілердің өзі карантин шектеулері кезінде басы өскен киіктердің егістік пен шабындықты таптап кетіп жатқанына шағымданды. Тұтастай алғанда, меморганның мәліметінше, 2 жыл ішінде Қазақстандағы киіктердің саны 334 мыңнан 842 мыңға дейін өсті.

Мырзағалиев тұсында, биыл жаңа Экологиялық кодекс, Waste to Energy қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату тетігін енгізу жөніндегі заң және Балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы қабылданды. Қоғамда біраз сынналған «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» заң жобасы әзірленді. Сондай-ақ жана Су кодексінің тұжырымдамасы және 2021-2025 жылдарға арналған геология саласын дамытудың ұлттық жобасы дайындалған.

ЖОК-МИНИСТР НЕДЕН ҰЯЛУЫ КЕРЕК?

Сонымен бірге министр экология мәселелерінде сауаты жетпейтін тұстар барын наш етіп, Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулиннің қатар сынына ілікті. Оның жөні бар: гидрометеорологиялық экологиялық мониторингті дамыту бағдарламасына 2 миллиард теңге қосымша ақша бөлінгені (бұрынғыдан 25% өскен) қарамастан, министрлік атмосфералық ауаны бақылау бекеттерінің санын 146-дан 140-қа қысқартып, индикаторларды азайтып тастаған.

Салдарынан тұрғындар ауаның улы түтінге бөгіп, денсаулыққа нұқсан тигізіп жатқанына шағымданады, ал экологтер не оның құрамын, не себебін дұрыс анықтай алмайды. М.Мырзағалиев қысқартулар себебін түсіндіре алмады, онымен қоймай бағдарламаларды шатастырып алды. Нәтижесінде, ауаның жай-күйі туралы ақпарат беру орнында депутаттарға өзгендерге жүргізілген мониторинг туралы әңгімеледі. Содан кейін парламент-

шілерге «ультиматум» қойды: егер бюджеттен қосымша ақша бөлуі қолдаса, бұл индикаторларды жақсарту жұмыстары жүргізіледі.

«Жок, біз қолдамаймыз! Бері қарашы, не үшін қолдауымыз керек? Не сандырақтап тұрсыз? Сізден өзендер мониторингін кім сұрады? Мәселе ауаның ластануына мониторинг жүргізу туралы. Экология министрі бола тұра, екеуінің айырмашылығын білмейсіз. Жеке секторда мұндай менеджерлерді ешбір жерге жұмысқа алмайтынды етіп, қуып шығар еді», — деген Мәжіліс Төрағасы ол Экология министрі ретінде «толық дәлменсіздігін көрсетті» деп бағалады.

Есеп комитеті де атмосфералық ауаның ластануына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету ісі кері кеткенді ескеріледі. Салдарынан Мемлекет басшысына биылғы Жолдауында осы салада қайтадан міндет қоюға тура келді. Рас, оны орындаумен жана министр айналысады.

«Атамекен Эко» қорының төрағасы, эко-амбассадор Арман Хайруллиннің байламынша, қоршаған ортаны қорғауға тиіс меморган, керісінше ірі кәсіпорындардың соның бүлдіруіне кен өріс ашып берді.

«Қазір Экология министрлігі жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың ауаны ластануына, эмиссиялауына тым көп лимит-шек береді. Бұл кәсіпорындарға халықтың денсаулығын ойламауына, елеуіне жол ашды, оларды ең озық қолжетімді технологияларды енгізуге ынталандырмайды. Мысалы, ТШО-ның I жартыжылдықтағы шығарындылары іс жүзінде 28 073 мың тонна болды, министр осы мұнай алпауытына 120 537 мың тонна лимит берген. Қашағанды игеруші NCOС жартыжылдықта өз лимитінің небәрі 11,6 пайызын пайдаланған. Оған 108 348 мың тонна затпен ауаны ластануға рұқсат етіп қойды. Атырау МӨЗ-і сәйкес мерзімде 6 025 мың тонна улы зат шығарды, оған жылына 20 123 залалды зат төгуіне резерв ұсынылған», — дейді эколог.

Салдарынан Теміртауда жыл сайын қара қар жауатын болды. Барлық өзенде, тіпті елорданы екі қайра ағатын, символдық мөңгі бар Есілде де балық жаппай қырылды. Өскеменде, Степногорда, өзге өнеркәсіптік қалаларда ауаның ластануына бақылау төмендеп кетті. Салаға бөлінген ақша жыл сайын көбейіп жатыр, тіпті ірі жер қойнауын пайдаланушылардан жиналатын эмиссия алымы мен айыппұлдар қоршаған ортаны жақсартуға бағытталмақ. Бірақ оның қайтарымы көрінбейді.

Мырзағалиевтің командасында вице-министр қызметін атқарған қазіргі министр Серікқали Брекешев сала проблемаларымен жақсы таныс. Тек ол жана мандатын пайдаланып, салада қордаланған, шын мәнінде құлімсіз ісі қолқаны атқан мыналықтан арлыуға қарым-қабілет, тегеурінді қимыл танытады деп сенеміз.

Елдос СЕНБАЙ

Жат деректі өзгерту қиын емес

Қазір жеке куәлік, мекенжай анықтамасы, неке және үй құжатын компьютер арқылы eGov порталынан аламыз. Ал күні кеше мемлекеттік басқаруды цифрландырудың бұл қызмет түрлерін ресейлік Сбербанк компаниясының платформасына беру туралы айтылды. Алайда олқылығы көп ақпараттық жүйені көрші елге жібергеннен не ұтамсыз? Өйткені қазіргі жүйенің өзінен жиі шикілік шығады. Үнемі тексеріп отырмаса, абайсызда әлдебіреуге донор болып кетуің де, өміріңде кездестірген адамға «үйленіп» кетуің де ғажап емес.

Жадыра МҮСІЛІМ

ТАНЫМАЙТЫН АДАМ ТІРКЕУДЕ ТҰРЫПТЫ

Бытырғы кызылордалық әріптесім eGov.kz сайты арқылы құжаттарын қарағанда бірнеше жылдан бері тұрып келе жатқан үйінде өзі танымайтын басқа адамдардың тіркеуге алынғанын көрген. Осыдан кейін ол электронды үкімет порталына жиі кіріп, өз мәліметтерін ұдайы тексеріп отыратын болғанды. Енді бір жолы алматылық Азат осы сайт арқылы жеке анықтамаға сұраныс жіберген. Алайда өзінің емес, өзге біреудің жеке басының құпиясы болып саналатын анықтаманы жібере салыпты.

Астаналық үш баланың анасы Гүлайым Қырықбаева жолдасының атынан eGov.kz сайтына кіріп, қызмет алмақ болады. Алайда электронды үкіметте жолдасының атына бірінші қызы ғана жазылып, қалған екі қызы көрсетілмеген.

БЕЛГІСІЗ ӘЙЕЛМЕН НЕКЕЛЕСКЕН

Ал күні кеше Шымкент тұрғыны eGov-тан 16 жыл бойы белгісіз әйелмен некеде тұрғанын біліп, өз

көзіне өзі сенерін білмеген. «eGov қосымшасынан кездейсоқ көріп қалдым. Смартфонға электронды үкімет бағдарламасын орнатқан едім. Өзім туралы мәліметті ашып едім 2005 жылы Татьяна Васильевнамен некеге тұрғанымды, тіпті ол әйел менің тегіме жазылып алғанын білдім», — дейді Алексей Николаевич. Он алты жыл бұрын өзінің сыртынан үйленіп алған әйелдің үстінен шағым түсірген Алексейдің жағдайына ұқсас оқиғалар электронды үкімет базасында жиі болатынын айтқан адвокат Евгений Яворский: «Жақында eGov порталы арқылы өз деректерін тексерген адам жүгінді. Сайтты қарап отырып, байқаусызда қайтыс болғаннан кейін донор ретінде ішкі ағзаларды беруге келісім бергенің көзі шалып қалған. Бірақ ер адам іс жүзінде бұл жағдайдан мүлдем бейхабар болған, ешқандай құжаттарға қол қоймағанын айтады. Алайда сайтта донор болуға келіскені туралы белгі пайда болған. Осы жағдаймен айналыса бастағаннан кейін үлкен шу пайда болды. Көптеген қазақстандық ерікті донорлыққа жазылмағанын білу үшін электронды үкімет сайтына мақсатты түрде барғанын білемін», — дейді.



КАТЕЛІК ҚАЙТАЛАНСА, ТЕКСЕРІЛУІ ТИІС

Кибершабуылдарды зерттеу және талдау орталығының киберқауіпсіздік бойынша сарапшысы Иван Филько: «Бұл мәселе біздің құзырымызда емес. Бірақ ақпараттық қауіпсіздік маманы ретінде айтарым, бұл мәселе жүйенің ақаулығы деп айта алмаймын. 1 миллион адамның арасында бір-екі жағдай болуы мүмкін, бірақ бұл үшін бүкіл жүйенің жұмысына күмән келтіруге ешқандай себеп жоқ. Бұл орайда статистикалық көрсеткіштерге қарап шешім шығарған дұрыс болады. Егер мұндай кәтеліктер үнемі болса, онда бұл мәселені тексеру керек», — деген

пікірін айтты. Оның айтуынша, бұл жерде электронды жүйедегі келеңсіздікпен гөрі адамдардың алаяқтық әрекетін байқауға болады. Яғни, қазір азаматтар кез келген құжатты немесе мемлекеттік қызметті онлайн түрде алуына болады. Бұл орайда өтініш беруші басқа адамның электронды кілті арқылы алаяқтық әрекетке баруы мүмкін. Осылай деген Иван Филько «16 жыл бұрын АХАЖ бөліміндегі құжаттарды рәсімдеу автоматтандырылмаған. Мүмкін, бұл әйел шын мәнінде арызданушы адамның аты-жөніне ұқсас ер адаммен некеге тұрған болуы да мүмкін. Бізде аты-жөні бір-біріне ұқсас адам көп. Сондықтан бұл мәселені

құзырлы орындар егжей-тегжейлі тексеруі керек», — дейді.

СЫБАЙЛАСТЫҚКА СЕРВЕРДІН ҚАТЫСЫ ЖОҚ

IT маманы Мейіржан Әуелханұлы да бұл олқылықты ақпараттық жүйеден емес, Халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы сыбайластық жемқорлық немесе ЭЦК кілтінің өзге адамдардың қолына түсуінен көреді. «Осындай жағдайлар бұрыннан қайталанып жатыр. Мысалы, Алматыдағы үлкен жер телімі Шымкенттің арғы жағындағы алыс елді мекендегі әйел адамның атына тіркелген. Ол кісі өзінің атында жер телімі мен Алматыда көптеген жылжымайтын мүлкі болғанын Халыққа қызмет көрсету орталығында бір-ақ білген. Осы оқиғада қолында билігі бар, ықпалды тұлғалардың азаматтық үкімет, eGov қызметінде істейтін адамдармен сыбайластық әрекет еткені байқалады. Өйткені бұл жүйенің қателігі емес», — дейді ол. Айтуынша, ақпараттық жүйеде кемшілік жоқ емес. Бір мезетте бірнеше адам сайттың көмегіне жүгінген кезде сервер істемей қалады. Бірақ ақпараттық жүйенің бір адамның атына бүкіл дүние-мүлікте аударып болмаса біреуді біреуге үйлендіріп жіберетін мүмкіндігі жоқ.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ИІСІ ШЫҚПАЙДЫ МА?

Шымкентте шыққан шикілікке дейін де eGov қызметіндегі талай былықтың беті ашылып келеді. Мысалы, қажет болған жағдайда кез келген қызметті оңай алып, керек құжатты қолға тигізуге мамандардың өзі мүмкіндік жасап береді.

Олай деуімізге себеп көп. Өйткені былтыр Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мемлекеттік сатып алулар саласында заңды жиі бұзатын органдарды атаған кезде дәл осы электронды порталдың біраз былық-шылығын ашып берген еді. Превенция департаментінің аса маңызды істер жөніндегі офицері Айнагул Кәріпова сол кезде бүгінде арнайы электронды жүйе мемлекеттік сатып алулар саласындағы тәртіп бұзушылықтарды онлайн режимде көруге мүмкіндік беретін мемлекеттік органдардың антирейтингі жасалғанын жеткізген. Сол антирейтингте жемқорлық қауіпін жоғары көрсеткішті «Азаматтарға арналған үкімет» АҚ бастап тұрғаны белгілі болды. Құзырлы органның берген мәліметінше, 2019 жылы бұл компания 37,7 миллиард теңгеге сатып алу өткізеді. Осы ақшаның 70 пайыздан астамы бір көзден тауар мен қызметті сатып алу арқылы игерілген. Осы орайда электронды жүйе көптеген тәртіпбұзушылықты анықтап, бағаны артық көрсету жағдайлары бойынша бірқатар былықтың беті ашылғанды. Мәселен, осы ұйымның мамандары А4 форматындағы кеңсе қағазын 1 600-3 800 теңгеге сатып алады. Ал корпорацияның Шымкент қаласындағы филиалы қағаздың бір бумасын 4 334 теңгеге сатып алса, Түркістандағы филиал тура сондай қағазды 2 700 теңгеге алып жүрген. Бір сөзбен айтқанда, электронды қызметтегі олқылықтың орнын толтыру үшін себепті серверден іздемей, сыбайластыққа қарсы ортақ жүйені қолға алған жөн секілді. Екіншіден, ЭЦК кілтінің өзге адамдардың қолына түспеуін ұдайы есте ұстаған дұрыс.

Театр жаңа маусымға дайын, көрермен ше?

«Балапанды күзде санайды» демекші, күз айында театрлар да жаңа маусымын бастайды. Пандемия барлық салаға оңай тиген жоқ. Кинотеатрлардың дені жабылып қалды. Театрға да көрермен көп бара бермейді. Өйткені шектеу бар. Шектеу болмаса, дерт жұқтырып алу қаупі туындайды. Көрерменсіз театр – театр емес. Ендеше, биылғы маусымда карантин талаптары қалай сақталмақ? Бұл шектеу театр, мәдениет үйлеріне зиянын тигізбей ме?

Айым БЕКТҮР

Пандемия салқыны еліміздегі театр, мәдениет үйлеріне салқынын тигізбей қойған жоқ. Бүкіл театр атаулы дағдарыстан шығудың, көрерменмен байланыс жасаудың жолдарын жан-жақты қарастырып, онлайн форматқа көшкенді. Тіпті, осы саланың жілігін шағып, майын ішкендердің өзі бұл ретте театр майталманы қанша жерден онлайн сұхбаттар мен спектакльдер ұсынылып жатқанымен, мұндай біржақты ұстанымның соны көрерменнен ажырап қалу қаупін туғызбай қоймайтынын, көпшіліктің санасында «Койылымды интернет арқылы көретін болсақ, онда театрға барып, зуре болудың қажеті қанша?» деген ойдың алға озатынын жеткізген еді. Олардың ұяймы «көрермендер карантиннен кейін онлайн спектакльдерге әбден үйреніп ала ма?» дейді. Театр сандық форматқа өтуі керек екенін ешқайсысы жоққа шығармайды. Ендеше, қауіп неде? «Егер сандық форматқа көшетін болсақ, спектакльдің 70 пайыз сапасы жоғалады. Көпшілік көрермен қойылымның тек сюжетімен ғана танысып, үстіртін мағлұмат, жансыз әсер алуы мүмкін. Себебі театр өнері – көрермен мен актер өзара энергия алмасатын орын» екенін айтып отыр театр майталмандары.

КӨРЕРМЕН АЗ БОЛСА ДА, ЖҰМЫС ІСТЕДІ

Жаңа маусымда бұл мәселе қалай шешімін таппақ? Алматыдағы Ғ.Мүсірепов атындағы Жасөспірімдер мен балалар театры биылғы 76 маусымның шымылдығын «Махаббат, қызық мол жылдар» спектаклімен аш-

пақ. «Біздің театрда карантин талаптары сақталады. Көрерменге шектеу бар. 30-40 пайызға ғана рұқсат етілген. Аз көрермен болса да, театр жұмысын тоқтатқан жоқ» дейді баспасөз қызметі.

Көрермен де театрдан қол үзіп кете алмайды. Уақыт талабына қарай сандық форматқа көшу де қажет шығар. Бірақ көрерменге эстетикалық ләззат сыйлай алмас анық.

Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театр директорының шығармашылық жөніндегі орынбасары, белгілі актер Жалғас Толғанбай: «Эпидемиологиялық ахуалдың құбылмалы болуына байланысты дәл қазір өлдене деп айту қиын. М.Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры 96-маусымын 13-қазанда М.Әуезовтің «Абай» спектаклімен ашуды жоспарлап отыр. Көрермендерімізді осы күні күтеміз. Кез келген жағдайда Қазақстанның, соның ішінде Алматы қаласының бас санитар дәрігерінің қаулысына сай әрекет етеміз» деп отыр.

Ал Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының директоры Ернар Жұматаев театр маусымын ашу І қазан күніне жоспарланып отырғанын айтты. «Репертуарды бекіттік. Әзірге көрерменге аптасына 4 күн (сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндері) қойылымдарымызды ұсынамыз. Қазан айының 20-21 күндері И.Штраустың «Жарқанат» музыкалық комедиясының тұсауы кесіледі. Режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Жұманиязов. Кезінде көрерменнің көңілінен шығып, бірақ декорациялардың жарамсыздығына байланысты репертуардан алынып тасталған «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясын да қараша айынан көрерменге қайта

ұсынуды жөн көрдік. Жаңа маусымда біздің театр сахнасында Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры да өнер көрсетеді. Алматыдан гастрольдік сапарға келетін театр ұжымы елордалық көрерменге 15-17 қазан күндері өз қойылымдарын ұсынады. Тәуелсіздікпен құрдас біздің театр ХХХІ маусымын ашқалы жатқанымен, қараша айында 30 жылдығымызды атап өтуге ниет бар» дейді. Театрда өте бірдей зал. Үлкен зал 600 орынға, кіші зал 200 орынға есептелген. «Талаптар сақталады. Қазіргі санитарлық талаптарға сәйкес, әрбір залдың тек 30 пайызын ғана көрерменге толтыра аламыз. Жұмыс күндері қойылымдарымызға «жасыл» немесе «көк» мәртебесі бар, ал демалыс күндері тек «жасыл» мәртебесі бар көрерменді ғана кіргіземіз.

Актерлер де сахнаны сағынады.

Олар да қалыптан шығып кетпеуі керек.

Сол үшін де театр қойылымын тоқтатқан жоқ. Әрине, көрермендер санына шектеу қойылды. Тіпті, кейде бұл шектен асып кетсе, үйлеріне кері қайтарған кездер де болыпты. Бұл бір жағынан көрерменнің дерт жұқтырып алмауының алдын алу болса, екінші жағынан – театрдың да жұмысын тоқтатпау. Осыдан бір жыл бұрын эпидемиялық ахуал күшейген тұста Нұр-Сұлтан

Осы талап театр ұжымына да қойылған», – дейді директор.

АКТЕРЛЕР САХНАНЫ САҒЫНАДЫ

Өткен жылы карантин күшейгенімен, театрлар жұмысы тоқтатқан жоқ. Мәселен, Нұр-Сұлтандағы Жастар театры қызметкерлерін 20 пайызға дейін шектеген кезі болыпты. Аз болса да, қойылымдарды тамашалауға көрермендер келеді. Актерлер де сахнаны сағынады. Олар да қалыптан шығып кетпеуі керек. Сол үшін де театр қойылымын тоқтатқан



жөк. Әрине, көрермендер санына шектеу қойылды. Тіпті, кейде бұл шектен асып кетсе, үйлеріне кері қайтарған кездер де болыпты. Бұл бір жағынан көрерменнің дерт жұқтырып алмауының алдын алу болса, екінші жағынан – театрдың да жұмысын тоқтатпау. Осыдан бір жыл бұрын эпидемиялық ахуал күшейген тұста Нұр-Сұлтан

шақ театры, бесікті сақтауымыз керек» деген еді.

Бұл – ірі мегаполистегі жағдай. Аймақтағы театрлар да тоқтап қалса, әртістері де жұмыссыз қалары белгілі. Сол себепті де карантин талаптарын сақтай отырып, аз көрермен келсе де, театрдағылар «жұмысты тоқтатпау керек» деп отыр.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚЫСҚАРҒАН ЖОҚ

Карантин кезінде қунарлық тағы бір жағдай – театр қызметкерлерінің қысқармауы. Соған сай жалақылары да уақытылы төленіп тұрды. Әртістердің көбі өз үйінде дайындалды. Себебі әртістердің бабында болуы өте маңызды. Күнделікті онлайн режимде кездесіп, режиссер мен әртістер арасында тығыз қарым-қатынас болғаны рас. Шынымен де пандемия кезінде мәдениет және спорт нысандары көп жоспарын өзгертуге мәжбүр болды. Жоспарланған шаралардың көпшілігі жана әрі тосын форматта өткізілді. Өйткені мәдениет, сонымен қатар спорт мемлекеттік мекемелерінде жұмыс істейтін барлық қызметкер жалақысын, мемлекеттік кепілдік беретін преференциясын сақтап қалды.

Пандемия уақытында театрлар тоқырап қалмады ма деген

сауал туындайтыны сөзсіз. «Театрлар тоқырап қалған жоқ, кейбірі тіпті түрленіп келеді. 2020 жылы Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық Опера және балет театры мен «Астана Опера» опера және балет театры ТМД елдерінің үздік опера және балет театрларының рейтингінде үздік 5 опера және балет театрларының қатарына енді. Қазақстанның екі театры: Н.Бекжанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ музыкалық-драма-театры мен С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театрына Үкіметтің қаулысымен «Академиялық театр» мәртебесі берілді. Өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласында К.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры жана ғимаратқа көшті», – дейді Мәдениет және спорт министрінің кеңесшісі Ерлан Жұрынбаев.

Бір нәрсе анық: пандемия кезінде әртістердің үйде отыруы шығармашылық ұжым өмірін, премьералар мен фестивальдер кестесін өзгертті. Жаңа маусым театр қауымы үшін ешқандай кедергілерсіз, мамыражай қалыпта басталады деген үміт басым. Әртістер мен көрерменнің қауышатын күні алыс емес. Лайым, солай болғай!

САБАҚ ПЕН ҚҰРЫЛЫС ҚАТАР ЖҮРГІЗІЛЕДІ



Жаңа оқу жылы басталып кетсе де, Солтүстік Қазақстан облысындағы орта мектептерде жөндеу жұмыстары аяқталған жоқ. Оқушылар күрделі жөндеу жүріп жатқан ғимараттарда шаңтозаңның ортасында білім алуға мәжбүр. Ал облыстық Білім басқармасындағылар құрылыс жұмыстары оқу процесіне кедергі келтірмейді деп отыр.

Ресми мәлімет бойынша, алты мектеп оқу жылына дайын емес. Бұған қаржының кеш бөлінгені себеп. Барлық алты нысан бойынша бір ғана мердігер – шымкенттік «ГрадСтройСервис» ЖШС. Конкурс өткізілгеннен кейін оның қорытындысы бойынша басқа қатысушының шағымы бір айдай Нұр-Сұлтан қаласындағы Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі комитетте қаралған көрінеді. Осы жайт қолбөге болып, бөлінген қаржы тек маусым айының бас кезінде ғана келіп түскен. Ал жөндеу жұмыстары шілде айының ортасы аяғына дейін басталып, оны аяқтауға келісімшарт бойынша жарты жылдай уақыт берілген. Ендеше жөндеуді қараша айында аяқтауға тиіс құрылыс компаниясының еш кінасі жоқ. «ГрадСтройСервис» ЖШС қызметкері Мұқан Ордабеков құрылысшылар келісімшарт бойынша белгіленген мерзімде жұмысқа кіріскенін алға



тартады. Оның айтуынша, оларға 6-қарашаға дейін уақыт берілген, жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. Алайда жағдайды түсінген құрылысшылар жұмысты мерзімінен бұрын, яғни қыркүйек айының ішінде аяқтауға тырысып-ақ бағуда. Жөнделіп жатқан Айыртау ауданындағы Гусак, Ақжар ауданындағы Май, Мағжан Жұмабаев ауданындағы Чистов және Полудин, Мамлют ауданындағы Андреев және Тайынша ауданындағы Амандық орта мектептерінде бас-аяғы 800-ден астам бала білім нәрінен сусындауда. Қазір олар сарт-сұрт етіп жүріп жатқан құрылыстың ортасында шаң-тозаң жұтып жүруге мәжбүр. Әрі мұғалімдер де шаң-тозаң мен үйілген жиһаздың ортасында уақытша ыңғайсыздыққа тап болып отыр. Олардың қауіпсіздік мәселесі назардан тыс қалғанға ұқсайды.

КОНКУРС ӨТКІЗУДЕ ОЛҚЫЛЫҚ БАР

Тайынша қаласындағы №4 орта мектеп директоры Айгүл Мұхаметқалиеваның пікірінше, мектептерді жөндеу жұмыстарына жарияланатын конкурсты өткізуде олқылықтар бар. «Жылда дәл осындай жағдайға тап боламыз. Жөндеу жұмыстары жаз ортасы аяғында басталады да, кейде желтоқсан айына дейін жалғасады. Бұған мердігер кінәлі емес, себебі оларға осындай мерзім беріледі. Меніңше, өңірдегі мектептерді жөндеу үшін құрылыс компаниялары жөндегені дұрыс. Сондықтан конкурс жарияланған кезде жөнделетін нысан мен құрылыс компаниясы орналасқан мекенжайдың арасындағы қашықтық көрсетілуі керек әрі 1-қыркүйекке дейін ғана мерзім белгіленуі тиіс. Өйткені алыстағы құрылыс компаниялары біздің

өңірге келіп, жергілікті жұмыссыздардың арасынан аз ақшаға жұмыс істеуге келесітін адамдарды іздеп тапқанша біраз уақыт өтіп кетеді», – дейді Айгүл Ботакызы.

Ресми дерек бойынша, алты мектепте ғана жөндеу жүріп жатыр делінгенімен, шын мәнісінде ондай мектептер саны жиырмадан асып жығылады. Мәселен, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданға қарасты Рузаев, Червонное, Токсан би, Аққайың ауданындағы Шағалалы, Айыртау ауданындағы Имантау, Антоновка, Қызылжар ауданындағы Большая Малышка, Мамлют ауданындағы Андреевка, Афонькино ауылдарындағы мектептерде әлі құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан көрінеді. Соңғысындағы оқушылар сабақ жүріп жатқан кезде үстіңгі қабаттағы тарту-дыбыс бөгет жасап отырғанын жасырмайды. Ал шенеуніктер құрылыс жұмыстары сабақтан тыс уақытта жүргізілетінін айтып ант-су ішеді. Мұндағы ғимараттың шатыры, есік-терезесі, едені барлығы ауыстырылмақ. 40 жылдан бері жөндеу көрмеген мектепке биыл 180 миллион теңге бөлінген. Айналырған 65 оқушы мұнда екі ауысымда оқып жүр. Себебі бірінші қабат қана дайын. Компьютерлер қосылмаған. Спорт залы да жабық, денешынықтыру сабағы ашық аспан астында өткізіледі.

Мамлют ауданық білім бөлімінің басшысы Данияр Шәкенов бұған ата-аналар түсіністікпен қарап отырғанын айтады. «Афонькино мен Андреевка мектептерін жөндеу бір мезгілде басталды. Екеуіндегі жағдай қазір бірдей. Балалардың қауіпсіздігі үшін тыйым салынған жерлерге арнайы белгілер қойылды. Сабақтар да, үзілістер де қысқартылды. Алдағы 2-3 күннің ішінде екінші қабаттағы жұмыстар аяқталып, құрылысшылар үшінші қабатқа көше, арқамыз кеңейер еді. Құрылыс жұмыстары кешкі және түнгі уақытта ғана жүргізіледі», – деді Данияр Шәкенов.

Тайынша ауданындағы Амандық мектебінің оқушылары 7 шақырым қашықтықта орналасқан Ильичевкаға қатынап оқуға, ал Ғабит Мүсірепов атындағы ауданға қарасты Рузаев орта мектебінің оқушылары колледждің ескі ғимаратында білім нәрімен сусындауға мәжбүр болып отыр.

АУЫЛ МЕКТЕБІНІҢ МҰҢЫ КӨП

Бұл – Солтүстік Қазақстан облысында жылда қайталанатын жағдай. Білім саласына қатысты бұдан басқа да олқылықтар

жетерлік. Мәселен, облыстық білім саласында Сапаны қамтамасыз ету департаментінің мәліметінше, мектеп оқушыларын медициналық қызметпен қамтамасыз етуге назар аударатын түйткіл бар. Кейбір мектепте медицина кабинеті мүлдем болмаса, басқаларында ауруханалармен келісімшарт жасалғанына қарамастан, медицина кадрлары жоқ, ал кейбіреуінде штаттық кестеде медицина қызметкерінің бірлігі мүлдем қарастырылмаған. Сондай-ақ балаларға ыстық тамақ ұйымдастырылмаған мектептер де бар. Әсіресе, шағалға орналасқан ауыл мектептерінде бала саны аз болғандықтан, жеке кәсіпкерлер олармен келісімшарт жасауға құлықсыз. 30-дан астам мектепте асхана мен буфет мүлдем жоқ. Бұл ереже бұзушылық болып саналады. Өйткені Үкімет қаулысына сәйкес әлеуетті жеткізіп беруші табылмаса, жергілікті бюджет есебінен аспаздар қарастырылуы қажет.

70-тен астам мектептің негізгі ғимараты бейімделген бөлмелерде орналасқан. Он шақты мектептің пеші ғимараттың ішінде орналасқаны да талапқа қайшы. Біраз мектептің жылыту жүйесі күрделі жөндеуді қажет етеді. Төбесін су ағып жатқан мектептер қаншама?! 500-ден астам пән кабинеті тиісінше жабдықталмаған. Барлық мектепте компьютер болғанымен, интернеттің сапасы сын көтермейді. Сондай-ақ барлық білім ошақтарында бейнебақылау орнатылғанымен, оның бәрі бірдей талап пен стандартқа сәйкес деу қиын. Мектеп дәретханаларына қатысты түйткілдер бір төбе: барлық білім мекемесінде жылы дәретхана жабдықталғанымен, кейбіреуіне кіру үшін бәрібір далаға шығу керек, 20 шақты мектепте биодәретхана орнатылған, тиісінше жабдықталмаған, яғни унитазы, суы жоқ және күрделі жөндеуді қажет ететіндері баршылық, жартысының жеке кабинеттері, тіпті қалқасы жоқ, балалардың жынысына қарай бөлінбеген. Айта кету керек, мұндай мәселелердің барлығы негізін шағын жинақты мектептерге тән.

Осы және басқа да мәселелер шұғыл түрде шешуді қажет етеді. Жоғарыда аталған алты мектепте қазір жөндеу жұмыстары «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша жүргізіліп жатыр. Ауыл шынмен де ел бесігі болса, ондағы білім ошақтарын елік-тен осыншалық мүсепір күй кешіп отыр?

Роза ШӘКЕН,

Солтүстік Қазақстан облысы

Жамбылдағы жарылыстың «жарасы»



Жамбыл облысы Байзақ ауданындағы әскери бөлімдегі оқ-дәрі қоймасының жарылуы бүгін болып, ертең ұмытылар қорқынышты түс емес екенін қалың бұқара ұғынды. Арыстан кейін қайталанып отырған апат өзге өңірдегі ағайынның да үрейін еселей түсті. Еліміздегі әскери бөлімдерге жақын орналасқан ауылдардағы жұртшылық «Жамбылдағы жағдай бізде де қайталаныуы мүмкін бе?» деген оймен алаңдап бастады. Үкімет өз кезегінде бәрі бақылауда екеніне сендіріп отыр.

ПРЕЗИДЕНТ САПАРБАЕВКА ҚАНДАЙ ТАПСЫРМА БЕРДІ?

Жасыратыны жоқ, Жамбылдағы жарылыстың «жарасы» бүгін-ертең жазылмайтыны анық. Себебі екі жыл бұрын болған Қордай қаттығысынан жұрт енді есін жия бастағанда бұл апат «жығылғанға жұдырық» болды. Оған қоса, әлемдік пандемия ағайынды әбігерге салып, өлім-жітім көбейіп жатқанда жұрт не істерін білмей абырғап қалды. Әсіресе, әскери бөлімге жақын орналасқан Қайнар ауылының тұрғындары қираған үйлері қайта қалпына келтірілгенше «шатырда» түнеп, Үкіметке үмітті көзбен қарап отыр.

Бейсенбі күні Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа телефон арқылы есеп беріп, апат салдарымен күресу жұмыстарын баян етті. Аймақ басшысының есебіне сүйенсек, жарылыстан 106 тұрғын үй, 12 коммерциялық, 4 әлеуметтік нысан, барлығы 122 жылжымайтын мүлік зақымданған. Осы нысандарды қалпына келтіру үшін 12 мекеме, 23 техника және 185 жұмысшы жұмылдырылған. Бердібек Машбекулы Президентке қазір 62 тұрғын үй жөнделгенін, ал жалпы қалпына келтіру жұмыстары 10 қарашаға дейін аяқталатынын мәлімдеді. Ал Жібек жолы ауылындағы қираған №5 орта мектептің орнына жаңа білім нысаны салынбақ.

Жаралыларға келсек, 26 адам стационарда емделіп жатыр. Олардың 15-і әскери госпитальде. Емделіп жатқандар төтенше жағдайлар, полиция қызметкерлері мен әскерилер екенін айтты.

ЖАРАЛЫЛАРДЫҢ САНЫНАН КІМ ЖАҢЫЛЫП ОТЫР?

Жалпы, төтенше жағдай болғанда статистика «сүрініп», сандар сандырақтап кететіні бар. Көп жағдайда мамандар жаралылар мен қаза тапқандардың нақты санына жете алмай жатқанда осындай келенсіздіктер болады. Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев Президент алдында есеп бергеннен кейін де осындай кикілжің туды. Көпшілік ауруханада жатқан жаралылардың саны облыс әкімі Мемлекет басшысына берген есебіндегі сандар мен арнайы құрылған штаб таратқан ақпаратпен сай келмейтінін алға тартып, шулап кетті. Тіпті, «Сапарбаевты әдейі саннан жаңылдырды» дегендер де табылды. Алайда «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының баспасөз қызметі жарылыстан кейін 22 сарбаз әскери госпитальде, ал 10 адам қалалық ауруханаға түскені туралы толықтыру берді. Әскерилер қатарында қаза тапқандардың саны алтау. Кіші сержант Бауыржан Дауыбаев із-түссіз жоғалғандардың қатарында. Ал қалалық ауруханада жатқан сарбаздардың

барлығы әскери госпитальге көшірілген. Дәл қазір әскери емханада бес адам ем қабылдап жатыр. Оның үшеуі «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының сарбаздары болса, екеуі әскери прокуратураның қызметкерлері. Бір сарбаз жарақатына байланысты шұғыл түрде Алматы қаласындағы әскери ауруханаға ауыстырылған. Міне, осындай анықтама берген «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының баспасөз қызметі өздерінің салаларына қатысты жаралылар мен қаза тапқандардың саны нақты екенін көрсетті. Ал облыс әкімінің есебіндегі сандар мен арнайы құрылған штабтағы мәліметтің сөйкес келмейтініне қатысты облыс әкімдігі өзирге ресми ақпарат берген жоқ.

ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР ЕСКІ ЖАБДЫҚТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ МӘЖБҮР

Байзақтағы жарылыстан кейін түрлі сала мамандары ойын ортаға салып, пікір білдірді. Ал Сенат депутаты Бекболат Орынбеков қайғыға оқиғаға қатысты төтенше жағдайлар қызметінің осал тұстарын анықтағанын айтып, сала жұмысын қатаң сынға алды. Депутаттың сөзіне сүйенсек, қала мен облыстағы өрт сөндіру стансаларының саны, сондай-ақ кезекші қарауының жауынгерлік есебі мен жеке құрамның штат саны нормаға сай келмейді екен. Сондай-ақ сепаратор өрт-құтқару техникасы мен жабдықтарды сатып алуға ақшаның бөлінбеуінен құтқарушылар ескі жабдықтармен жұмыс істеуге мәжбүр болғанын айтады.

«Жамбыл облысында өрт сөндіру қызметінің автотехника паркi 136 дананы құрайды. Баланста бар автотөліктің 26-сы ескірген техника, оның пайдалану мерзімі 20 жылдан асады. Бұдан басқа, Байзақ ауданында төтенше жағдайды жою кезінде 18 дана өрт сөндіру техникасы жарамсыз болып қалғанын атап өту қажет», — дейді Бекболат Орынбеков.

Осылайша, ойын өріп, пікірі мен пайымын білдірген сенатор төтенше жағдайлар қызметіне түбегейлі талдау жүргізіп, жүйелі шаралар қабылдауды ұсынды.

Р.С. Әрине, «байыбына бармай байбалам салудан» аулақпыз. Алайда Байзақтағы жарылыс біраз мәселені су бетіне қалқы шығарғаны анық. Енді бұл ел Үкіметі қандай сабақ шығарғаны белгісіз. Бір анығы, еліміз әскери қоймаларға келгенде төтенше жағдайға дайын емес екенін екінші мәрте көрсетіп қойды. Елдігі тілек жамбылдықтар бастан кешкен жағдайды өзгелер көрмесе игі...

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Инспектор браконьерге «қамқор»

Атырау – аймағы мұнаймен бірге балығымен де танымал өңір. Бекіре тұқымдас балықтардың бірнеше түрі экспортталған аймақта балықты мемлекет тарапынан қолдан өсіруге қаражат бөлініп отыр. Атыраудағы екі балық зауытынан Жайық өзеніне 7 млн-нан аса шабақ жіберіледі. Осылайша, бағалы балықты қолдан өсіру жолға қойылып, мамандардың маңдай терімен жойылып кетпей тұрған балықтарды қорғаушы органдардың өздері құртуға жол беріп отыр...



Бұлай деп айтуға себеп те жоқ емес. Жайық өзені тартылып жатыр десек те, қоры азайса да, әйтеуір балық бар. Дегенмен балықты сақтауға және қорғауға жауапты құзырлы органдардың браконьерлермен және балық қорын сақтаушылармен ым-жымы бір болуы келешекте Жайықты балықсыз қалдыру қаупі төніп тұрғандай.

Айталық, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті «Жайық-Каспий облыстары аймақтарына қатысты пара алу фактісі, Солтүстік Каспийдің ерекше қорғалатын табиғи аймағына браконьерлерді кедергісіз өткізгені және оларға «қамқорлығы» бойынша қылмыстық істі тергеу жатыр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Атырау облысы бойынша департамент басшысының бірінші орынбасары А.Мамыттың айтуынша, бұл бір ғана оқиға емес. Биыл сәуір айында

Атырау стансасындағы желілік полиция бөлімінің қызметкерлері теміржол вокзалында 4,6 келі бекіре балығы салынған жүгі бар жолаушыны анықтаған. Жолаушыдан қылмыстық жауапкершілікке тартпау үшін 50 мың теңге көлемінде пара алған полиция қызметкерлері тұтылды. Бұл істің ақыры полиция қызметкерлерін атағынан айырып, 1,7 млн теңге көлемінде айыппұл салумен аяқталды.

Ал былтыр аталмыш департамент мамандары Атырау облысы Полиция департаментінің қызметкерін параға қатысты іспен әшкереледі. Ол кәсіпкерлік қызметті кедергісіз жүзеге асырғаны және жалпы «қамқорлығы» үшін ішінара балық аулаумен және сатумен айналысатын ЖШС директорынан 1,5 млн теңге көлемінде пара алған. Жасаған қылмыстық іс үшін Полиция департаментінің қызметкері 3 жыл 6 ай бостандығынан, мемлекеттік қызмет атқару құқығынан және әскери шенінен айырылды.

Міне, бекіре тұқымдас балық-

тарды қорғайды деп сенген жауапты органдар тарапынан болып жатқан жағдайлар осындай.

Елімізде барлық балықтың 30 пайызы Жайық-Каспий бассейнінде ауланады. Бұл дегеніміз — балық аулаудан Атырау өңірі көш бастап тұр деген сөз. 2021-2030 жылдарға арналған Балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламасы жүзеге асса, тауарлы балық өсіру көлемі 15 мың тоннаға, балық өнімін экспорттау көлемі 25 мың тоннаға артады. Ал Жайық-Каспий бассейнінде кәсіптік балық аулау көлемі 1,5 есеге көбейіп, жылына 25 мың тоннаны құрамақ.

Келешекке үмітпен қараған жөн, бірақ балықты аулаудан гөрі өсіруге басымдық беріп отырған Балық шаруашылығы басқармасының жобасы басталмай жатып құлдырауға ұшырап кетпесе болды. Себебі жоғарыда жазғандай, оқиғалар күнделікті қайталанбай жатқанына ешкім кепілдік бермейді.

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ,
Атырау облысы

Қызылорда шенеуніктері жиі тәртіп бұзады

Жыл басынан бері Қызылорда облысында қызмет көрсету талаптарын бұзған мемлекеттік органның басшыларына жалпы сомасы 393 мың 795 теңге құрайтын 10 әкімшілік айыппұл салынған.

Айыппұл арқалаған басшылардың қатарында кент әкімі, аудандық бөлім басшыларынан бастап облыстық басқарма басшысы мен Қызылорда қаласының басшылығы да бар.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында кездесетін заңбұзушылықтардың негізгі себебі — мерзімдерді сақтамау және қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту.

Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім берудің мерзімін бұзғаны үшін Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарған кезінде қазіргі әкім орынбасары

Бектас Нуридиновке 3 әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұл салынған.

Сондай-ақ жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту қызметінің тәртібі мен мерзімін бұзғаны үшін облыстық Жер қатынастары басқармасының басшысы 2 рет әкімшілік айыппұл төлеген.

Бұдан кету керек, мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында заңбұзушылықтарға жол бергені үшін өткен жылы 12 әкімшілік хаттама толтырылып, 437 мың 257 теңге өндірілген екен. Соның ішінде Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы 4 рет, Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы 3 рет әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

ай сайын мемлекеттік органдармен көрсетілетін қызметтерге тұрақты түрде мониторинг жүргізіп, бұзушылықтарды анықтап, жауапты тұлғаларды әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартып отырады, — дейді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Рафхат Бисенов.

Айта кету керек, мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында заңбұзушылықтарға жол бергені үшін өткен жылы 12 әкімшілік хаттама толтырылып, 437 мың 257 теңге өндірілген екен. Соның ішінде Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы 4 рет, Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы 3 рет әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Ерканат СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,
Қызылорда облысы

Ауруханадан шығарылған науқас өліміне кім кінәлі?



Айдың-күннің аманында Ақмола облысы Аршалы аудандық ауруханасынан коронавируспен ауырып шыққан әйел ұшты-күйлі жоғалды. Туған-туыстары, аудандық полицияның жеке құрамы, сондай-ақ еріктілер бірнеше күн бойы табанынан таусыла іздегенімен, еш нәтиже болмаған. Марқұмның денесі араға үш күн салып, Аршалы кентінің маңындағы талдардың арасынан табылды.

Туыстарының айтуынша, жасы алпыстан асқан егде адамды дәрігерлер жақындарына хабарламастан, ауруханадан шығарып жіберген. Ал аудандық аурухана дәрігерлері науқасты шығаратындарын марқұмның туыстарына алдын ала хабарлағандарын айтып, ат-танын ала қашып отыр.

Хазиман Асқарқызы — Шортанды ауданы Жолымбет ауылының тұрғыны. Ұлы Жәнібек Айдаубайдың айтуынша, 21 тамыз күні Шортанды аудандық ауруханасының қызметкерлері өздерінде емдей алмайтынын айтып, коронавируспен ауырған адамды Шортандыдан Аршалыға жедел жәрдем көлігімен жөнелткен.

Білдей бір аудан орталығында неге науқастың қабылданбағанын білмек болып, Шортанды аудандық ауруханасына хабар-

ластық. Аурухананың бас дәрігері туыстарына коронавируспен ауырған адамды емдейтін арнайы орындардың, тіпті дәрігерлерінің де жоғын айтты.

«Санитарлық нормаларға байланысты біздің ауруханада коронавирус науқастарын қабылдайтын бөлім ашуға рұқсат берілген жоқ. Құрылыс нормалары және ережелеріне сәйкес келмейді екен. Сонымен қатар бізде инфекциялистер және реаниматолог дәрігерлер де жоқ. Науқастарды Ақкөл, Аршалы және Көкшетау қалаларына жібереміз. Бұл жолы да науқасты терапевт дәрігер Нұрия Туғанбаева мен Наталья Кулыгина есімді екі дәрігер Аршалыға апарып, аурухана дәрігерлеріне тапсырып, жатқызып кетті. Бізден ешқандай ағаттық болған жоқ», — дейді Шортанды аудандық ауруханасының бас дәрігері Руслан Дүйсенұлы.

Ал марқұмның ұлы анасының өліміне Аршалы аудандық ауруханасының ұжымы тікелей себепкер болғанын айтып отыр.

«Анамның қайғысы бәрімізді қатты есеніретіп кетті. Шортанды аудандық ауруханасы коронавируспен ауырғанын анықтап, өздерінде емдей алмайтынын айтып, жедел жәрдеммен Аршалыға жеткізді. Анам Аршалы аудандық ауруханасына барғаннан кейін жағдайы күрт нашарлап, үш күн бойы жансақтау бөлімінде комаға түсіп, оттегі аппаратына қосылған. Үш күннен кейін инфекциялық палатаға ауыстырылыпты. Қал-жағдайын білмек болып соңғы күндері хабарласқанымызбен, еш ала алмай қойдық. Кезекші бөлімге де телефон шалып, анамның орысшаға шорқақ екенін айтып, телефонның қуаттап беруді өтінді. Бірақ еш хабарсыз қалдық. 6 қыркүйек күні бізге еш ескертпестен, ауруханадан шығарып жіберіпті. Сағат төртке таман халім білуге барғанда үш сағат бұрын шығарғандарын айтты. Жауапкершіліктен жүрдай аурухана қызметкерлері қомаға түсіп, ес-түсінен айырылған адамды қалайша жалғыз жіберді? Жолдың жиегінде тұрғанын бір адам көрген. Бірақ одан кейін қанша іздегенімізбен, сол күйі таба алмай, енді, міне мәңгіге айырылып отырмыз», — дейді марқұмның ұлы Жәнібек Айдаубай.

Сейтіп, үш күн бойы қырыққа жуық адам іздеген әйел орманның арасынан өлі табылды. Ал науқасты ауруханадан шығарған аурухана басшылығы оның ақыл-есі дұрыстығын әрі туған-туыскандарына хабарлағандарын айтып ақталып отыр.

«Науқастың туған-туыстарына жұма күні дүйсенбіде ауруханадан шығарылатынын ескертілген. Жансақтау бөлімінде оттегінің төмен сатурациясы болып, оттегі аппаратына қосылып жатты. Бірақ ол қомада болған жоқ. Есін біліп, сөйлеп жатты. Үш күннен кейін инфекциялық палатаға ауыстырылған. 6 қыркүйек күні емдеуші дәрігер Әйгерім Айғожа тексеріп,

сағат 13.00 шамасында шығарылатынын айтқан. Бұл туралы туған-туыскандарына хабар берілді. Сағат бірде шығарылғанымен, баласын күтетінін айтып, палатасында жатқан. Асханаға барып тамағын да ішкен. Ешқандай ауытқу белгілері болған жоқ. Ал сағат 14.15-те баласы келгенін мейірбикеге айтып, ол есікке дейін пәкетін көтеріп шығарып салды. Үш күн бойы іздеу шараларына аурухана ұжымы да белсене атсалысты. Бүкіл орман-тоғайлар, көшелердің бәрін түгел шолдық», — дейді Аршалы аудандық ауруханасының бас дәрігері Альбина Николаевна.

Оқиға бойынша Ақмола облысының Денсаулық сақтау басқармасы мен Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті басшыларымен тілдесті. Екі органның жауабы бір жерден шықты.

«Қайғылы оқиғаға байланысты облыстық Денсаулық сақтау басқармасы жұмыс тобын құрып, оған біздің департаменттің орынбасары да кірді. Қазір басқарма басшысы мен департамент орынбасары бастаған топ Аршалы ауданында тексеріс жұмыстарын жүргізіп жатыр. Туған-туыскандардың департаментке ешқандай шағым түскен жоқ. Аталған іс бойынша қылмыстық іс қозғалды. Барлығы тексеріс аяқталған соң белгілі болмақ», — дейді департамент басшысының орынбасары Сүлеймен Увалиев.

Оқиға бойынша Ақмола облысы Полиция департаментінен де ресми түсініктеме беруді сұрадық. Баспасөз қызметінің мәліметінше, Аршалы аудандық полиция бөліміне 60 жастағы әйелдің 6 қыркүйек күні ауруханадан шығып кетіп, жоғалғаны туралы Ақкөл қаласында тұратын келін арыздалған.

«Аталған дерек сотқа дейінгі бірінші тізілімде «Адамның жоғалуы» фактісі бойынша тіркелді. Жедел іздестіру шаралары барысында полицейлер Аршалы кентінде орналасқан бейнесығлау камераларының

жазбаларын тексеріп, Аршалы — Нұр-Сұлтан бағытындағы такси жүргізушілерінен сұрап, адам көп жиналатын жерлерге сурет жапсырылған бағдарлар ілді. Аудандық полицияның жеке құрамы Ақбұлақ, Ижевское, Аршалы кентін 6505 әскери бөлімінің атқыштар ротасының сарбаздарымен бірге түгел сүзіп шықты. Марқұмның денесі үш күннен соң, 9 қыркүйекте вокзал ауданына егілген ағаштар арасынан табылды. Қазір сараптама жұмыстары жүргізіліп жатыр», — дейді Ақмола облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлнәр Пинчук.

Марқұмның туыстары дәрігерлердің айтқанына кереғар келетін бірнеше фактіні де алға тартып отыр.

«Өзін Шортандыда деп ойлаған болуы керек, кезіккен көлікке өзінің Жолымбет ауылына баратынын айтқан. Бұрын ешқашан таныс емес жакка өз бетімен бармаған. Қайда барса да, көлікпен алып барып жүрдік. Ауруханадан шыққаннан кейін өз бетімен кетіп қалуы ақыл-есінің сау шықпағанын аңғартады. Бұрын ешқашан Аршалыға өз бетімен келіп те көрген жоқ», — дейді ұлы Жәнібек Айдаубай.

Сонымен, адам өлімі болған бұл оқиға аурухана басшылығы өздерінің сүттен ақ, судан таза екенін айтып ақталды. Ал марқұмның туыстарының уәжі бөлек. Оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалып, құқық қорғаушылар мен облыстық Денсаулық сақтау басқармасы мен Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің мамандары тексеріс жүргізіп жатыр. Марқұмның туыстары әділдік болып, министрлік пен жауапты сала мамандарының тиісті шаралар қолданып, ісіне салғырт қарағандарды жауапқа тартса дейді... Мәселе одан әрі де біздің бақылауымызда болмақ...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы



Скатов Киев турнирінің жартылай финалына шықты

Қазақстандық теннисші Тимофей Скатов Киев челленджер турнирінің жартылай финалына өтті.

Дүниежүзілік рейтингте 299-орында тұрған Скатов ширек финалда әлемнің 283-ракеткасы, португалиялық Нуно Боргеспен шеберлік байқасты. Бірінші партияда тай-брейкте португалиялық теннисші басымдық танытты – 7:6 (7:5). Дегенмен бұдан кейін қазақстандық спортшы ойын тізгінін қолына ала білді – 6:4, 6:4.

Үш сағаттан астам уақытқа созылған тартысты бәсеке барысында

Скатов 14 брейк-пойнттың бесеуін пайдаланды. Қарсыласы 6 эйс, 3 брейкке (16 брейк-пойнт) қол жеткізді. Тимофей финалға шығу үшін рейтингте 291-сатыдағы италиялық Франко Агаменонемен жарыс жолына шығады. Айта кетейік, ширек финалдық кездесуде Франко украиналық Алексей Крутыхты 6:2, 6:3 есебімен жеңген болатын.

А.ЖҰМАШ

Жансая Әбдімәлік төрт дүркін әлем чемпионын ұтты

Шахматтан Қазақстан құрамасы Бүкіләлемдік онлайн олимпиададағы жоғары дивизионда көш бастап тұр. Оның үстіне, команда қытайлықтарды, ал Жансая Әбдімәлік төрт дүркін әлем чемпионы Хоу Ифаньды ұтты. Тағы бір қазақстандық Бибисара Асаубаева турнирдегі алты ойында да жеңіске жетті.



және Аустралиямен тағы үш ойын өткізеді.

Онлайн-олимпиадада жоғары дивизионның 40 командасы төрт топқа бөлінген, олардың әрқайсысында айналым бойынша турнир өтеді. Әр топтан үздік үштік іріктеу кезеңі, ширек финал, жартылай финал және финалдан тұратын плей-офф кезеңіне өтеді. Шахматтан онлайн әлем олимпиадасы Chess.com ойын алаңында қашықтан өтеді. Ол 15 қыркүйекте аяқталады.

Қазақстан құрамасының негізгі құрамына: Ринат Жұмабаев (халықаралық гроссмейстер), Денис Махнев (халықаралық гроссмейстер), Жансая Әбдімәлік (халықаралық гроссмейстер), Динара Сәдуақасова (Халықаралық әйелдер гроссмейстері), Рамазан Жалмаханов (халықаралық шебер) және Бибисара Асаубаева (халықаралық әйелдер гроссмейстері) кіреді.

Енді Қазақстан онлайн-олимпиадада топ-дивизионда 12 ұпаймен көш бастап, Қытайды екі ұпаймен басып озды. Қазақстандық шахматшылар Иран, Моңғолия

Назгүл ЕРЖАНКЫЗЫ

Дзюдошылар алты медаль жеңіп алды

Алты қазақстандық дзюдошы ТМД елдері ойындарының жүлдегері атанды, деп хабарлайды Olympic.kz.

Қазанда (Ресей) ТМД елдерінің ойындары жалғасып жатыр. Жарыстың кезекті күнінде дзюдошылар бақ сынады. Нәтижесінде, отандық дзюдошылар алты медаль жеңіп алды.

66 келіде белдескен Ермек Амангелді финалға шығып, күміс жүлдеге ие болды. Ал 60 келіде Шерзод Давлатов, 73 келіде Данияр Шамшаев, 90 келіде Айдар Арапов, ал қыздар арасында 52 келіде Акмарал Науатбек, 78 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Мадина Паррагульгова қола жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Б.БЕКНАЗАР



Айта кетерлігі, дзюдо бойынша бәсекеге Қазақстан сапынан барлығы жеті татами шебері қатысты. Тек бір спортшы, 81 келіде сынға түскен Аян Байғазы жарысты бесінші орынмен аяқтап, жүлдеден тыс қалды.

Елдос СМЕТОВ:

Алтынға бергісіз қола жүлдені еншіледім

Таяуда дзюдодан Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Елдос Сметовпен әңгімелесудің сәті түсті. Ел мақтанышына айналған танымал спортшы төрткіл дүние көз тіккен әлемдік доддан алған әсерімен бөлісті. Ендеше Елдоспен болған сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

— Елдос, сіз Токиодағы XXXII жазғы Олимпиада ойындарында ел қоржынына алғашқы қола медальді сыйладыңыз. Осылайша, қатарынан екі Олимпиадада жүлдегер атандыңыз. Қандай сезімде болдыңыз? Жапония жерінде өткен төртжылдықтың басты додасын қысқаша қорытындылап өтсеңіз.

— Бұл менің екінші Олимпиада болғандықтан, оның үстіне Риода күміс алғандықтан, Токиоға Олимпиада алтының аламын деген мақсатпен бардым. Бірақ Олимп шыңын бағындыру осы жолы да бұйырмалы. Десе де, бұл қола жүлденің мен үшін орны бөлек. Ең бастысы, күншығыс еліндегі дүбірлі доддан соң маған деген халықтың қошеметі, сыйқұрметі артпаса кеміген жоқ. Тілеулес болған жандардың бәрі алтынға бергісіз қола жүлдені еншіледі деп қуанды, құттықтады. Осындай жанкүйерлерім мен жанашырларым барда мен де ешқашан қолдаусыз қалмайтынмын сезіндім. Жарыс алдында да мұндай жетістікке қол жеткізетініме, Токио төрінен жүлдемен оралатыныма сенімді болдым және сендім. Марапаттау рәсімінде жүлдегерлер қатарынан көрінгенімде кеудемді қуаныш кернеді.

— Жартылай финалда екі дүркін әлем чемпионы Такатомен кездестіңіз. Он минуттан артық уақытқа созылған белдесу жапониялық балуанның жеңісімен аяқталды. Сол кездесуге тоқталайықшы. Жеңіс тұрғынынан көрінуге не жеткізді?

— Маған ол белдесуде тактикалық тұрғыдан да, физикалық



жағынан да аса қатты қиын болған жоқ. Қалай десем болады, Такато екеуміз бұған дейін бірнеше рет белдескен соң бір-бірімізді әбден зерттеп, толық танып алдық. Сондықтан әп дегеннен ол менің шабуылдарыма тойтарыс берді, мен де оның шабуылдарына лайықты түрде жауап қаттым. Сол себепті кездесу де ұзаққа созылды. Жарыс қорытындысы бойынша қарсыласым жеңімпаз атанды. Бірақ мен жеңілісіме еш өкінбеймін. Бұл да мен үшін үлкен тәжірибе болды десем болады.

— Елге келгенде отандастарыңыз қалай қарсы алды? Мемлекет тарапынан қандай қолдау көрсетілді? Маңғыстаулықтар да ерекше сый-құрмет танытқан екен.

— Елге келе сала әуесжайдан бір топ жанкүйерім, жақындарым мен жанашырларым құрмет-қошеметпен күтіп алды. Темір тұлпардың кілтін қолыма ұстатты. Еңбегімізді бағалап, осыншама сый-құрмет көрсеткені мерейімді тасытып, қуанышка кенелтіп, мені одан сайын жігерлендіре түсті. Сіздерге көп рақмет. Арқасүйер халқымның арқасында елдің ба-

ласына айналып отырмын. Мені, отбасымды қуанышка бөлеп, теңдессіз сый-сияпаты арнап, ілтипат көрсетіп жатқандарыңызға мың алғыс. Әсіресе, Маңғыстау жұртының қонақжайлығына ерекше риза болдым. Ақтауға келгенде құшағын жайып қарсы алған Әділ Бейсенқұл ағайым, оның шәкірттері Айбек пен Мирасқа ризашылығымды білдіргім келеді. Ақтаудан үйдің кілтін қолыма табыстап, теніз жағасынан жер телімін сыйлады. Бұл тұста мемлекеттен де үлкен қолдау көрсетілгенін айта кеткен жөн. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен «III дәрежелі Барыс» орденімен марапатталдым. Өзге де жүлдегер спортшыларға құрмет көрсетілді. Бізді қандай жағдай жәксы нәтиже болмасын қолдап, үнемі демеп отырған Мемлекет басшысына, халқыма дән ризамын. Токио Олимпиадасы тарих қойнауына кетті. Президентіміз айтқандай, бұл Олимпиада біздің келесі кезеңге бүгіннен бастап қамдануға және ел спорттына аса назар аударуға себепкер болды. Кәсіби спортшылар бұл тұрғыда көп ұзамай жана олимпиадалық циклге дайындықты бастайды. Осыған орай мен де жақында жақсы жана-лығыммен бөлісетін боламын.

— Сіздің басты арманыңыз — Олимпиада алтының алу екенін көпшілік жақсы біледі. Сол арманға қол жеткізу үшін 2024 жылы өтетін Париж Олимпиадасына барасыз ба? Алдағы мақсат-жоспарыңыз қандай?

— Алдағы мақсат-жоспарым туралы айту әлі ерте деп ойлаймын. Қазір үлкен жарыстан соң сәл үзіліс алып, тынығудамын. Біраз уақыт өткен соң бәрін асықпай таразылап, Париж Олимпиадасына бару-бармау жөнінде нақты шешім қабылдаймын. Сол кезде бұл сұрақтың да жауабын біле жатарсыздар. Әзірге амандықта жүздескенше дегім келеді.

— Әңгімеңізге рақмет!
Сұхбаттасқан
Абылайхан ЖҰМАШ

Елордада арнайы бағдаршам пайда болды

Нұр-Сұлтан қаласында алғаш рет жол қозғалысын реттейтін инновациялық құралдарды тестілеу басталды.

Елорда әкімдігінің хабарлауынша, қала қиылыстарында жарығы бар жаяу жүргіншілер бағдаршамы қолданылады. SWARCO өндірушісінің жана бағдаршамы әдеттегі дыбыстық функцияны толықтыратын болады. Енді бағдаршамның қызыл жарығы тротуарға да түседі, тиісінше жаяу жүргіншілердің смартфонның дисплейіне де шағылысатын болады.

Жаяу жүргіншілер бағдаршамы жердегі жарықтандыру функциясын орындап қана қоймайды. Сондай-ақ екі көзін телефоннан алмайтын жастардың назарын аударады. Осылайша, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігіне айтарлықтай үлес қосады.

Дәлірек айтқанда, жаяу жүргіншілер бағдаршамының жаңа моделінде мынадай артықшылық бар. Мысалы, ымырт үйірілгенде және түнгі уақытта тротуарға қызыл жарық түсуіне байланысты бағдаршамның қызыл белгісі жақсы көрінеді. Смартфонның дисплейіне бағдаршамның қызыл сигналы түсуі арқылы жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі артады және тротуардың шетінде



қызыл түспен белгіленген орындардың арқасында жаяу жүргіншілерді көлік жүргізушілері жылдам байқайды. Мұндай бағдаршамның тәжірибелік нұсқасы 9 бағдаршам объектісіне қолданылды.

Бұдан бөлек, дыбыстық жол көрсету жүйесі бар бағдаршамдар орнатылды. Бұл

жаяу жүргіншілер, әсіресе көзі нашар көретін жұрт үшін тиімді. Осылайша, жаяу жүргіншілер өткізілісін қауіпсіздік жағдайы едәуір артады. Мұндай бағдаршамдар қаланың 7 объектісінде орнатылған.

А. ЖОЛДАС